

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

**Тақырыбы: БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУЫ (ФРАНК МЕМЛЕКЕТІ,
ФРАНЦИЯ, ГЕРМАНИЯ, АНГЛИЯ).**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,
мақұлданған: 2016 ж. «___» қыркүйек
№ ___ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы
полиция капитаны И.М. Искаков**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

5 ТАҚЫРЫП.

БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУЫ (ФРАНК МЕМЛЕКЕТІ, ФРАНЦИЯ, ГЕРМАНИЯ, АНГЛИЯ).

ЖОСПАР:

1. Феодалдық мемлекеттің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктері.

2. Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық мемлекет дамуының кезеңдері мен ерекшеліктері:

- Франктер империясының;
- Францияның;
- Англияның;
- Германияның.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005

Сейдіғалиев Т.Р., Исаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015

Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008

Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996

Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973

Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985

Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996

Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.

История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988

Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005

Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994

Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960

Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34

Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005

Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

Кіріспе

Феодалдық мемлекеттердің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын, Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық мемлекет дамуының кезеңдерін зерделеп, франктер империясының, Францияның, Англияның, Германияның құқықтық даму сатыларын салыстыра отырып, жалпы феодалдық құқық және оның ерекшеліктерін анықтау.

Осы тақырыпты оқығанда феодалдық мемлекеттің пайда болуын жалпы түрде меңгеру керек, содан кейін германдықтарда мемлекеттің пайда болуының ерекшеліктерін атап көрсету керек. Феодалдық қатынастардың, феодализмнің ерекше белгілерін, франктердің ертефеодалдық мемлекеті дамуының кезеңдерін ашып беру керек. Карл Мартелл реформаларының мәнін көрсету керек. Аллод, бенефиций, прекарий, коммендация, феодал ұғымдарына түсінік беру қажет.

Тарихи даму үрдісіндегі Франциядағы феодалдық мемлекеттің мазмұнды сипатын анықтау қажет (саяси орталықтандыру, орталықтандырудың бастауы, 9 Людовиктің реформалары, Бас штаттар, абсолюттік монархияның орнауы).

Англиядағы феодалдық мемлекет. Ертефеодалдық англосаксон мемлекеттерінің пайда болуын, нормандық жаулап алу және оның ағылшын мемлекеті дамуына тигізген әсерін ашып беру керек. II Генрих реформалары, 1215 ж. Еркіндіктердің Ұлы Хартиясы, Парламентінің құрылуы. Ағылшын абсолютизмінің ерекшеліктері.

Германиядағы ортағасырлық феодалдық мемлекетті қарастырыңыздар. Германия феодалдық мемлекеті дамуының ерекшеліктерін ашып беру керек, саяси бағыттардың бекітілуі. Алтын Булла (1356 ж.). Германиядағы сословиелік-өкілдік пен абсолюттік монархия және оның ерекшеліктері. Рейхстаг және ландтагтар.

Феодалдық мемлекеттің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктері.

Франктерде мемлекеттің пайда болуының ерекшеліктері.

Рим империясы Еуропаның ескі мемлекеттеріне жататын, онымен қатар күшті жаңа мемлекеттер пайда болды. Жаңа халықтар бір - біріне ұқсамайды, олардың құрылысы тайпаларға ұқсайды. Олар бір-бірімен жиі соғысатын. Парсылардың және римдердің империялары ыдырап, әлсіресе, дала тайпалары күшейіп, өрлеудің жаңа кезеңдеріне аяқ басты. Бұл тайпалар: хұн, аландар, дала көшпенділері Батыс Еуропаға жылжыды. Еуропада герман тайпалары: франктер, лангобарттар, вандалдар, вестготтар және остготтар туған жерлерін қалдырып, басқа жаққа қоныс ауыстыра бастады. Олар Рим империясының Рейн және Дунай өзендерінің арғы жағалауындағы жерлеріне қызығып жүретін. Герман тайпалары бұл жерлерге бұрын да шабуыл жасаған болатын. Бірақ шығыс тайпалары қыса бастағаннан кейін, олардың белсенділігі күшейді. Герман тайпалары бұрыннан Рим империясының шекарасын қорғайтын әскерлерде қызмет атқаратын, бірақ бірсыпыра уақыт өткеннен кейін Рим императорлары герман халқынан шыққан әскерлерсіз өз жерлерінің шекарасын қорғай алмайтынын түсінді. Германдардан құрылған әскерге толық сенуге болмайтын. Оларды басқарған бастықтары өздерін Рим императоры ретінде мәлімдеп, азаматтық соғыс ашатын болды. Рим азаматтары әскерге қызмет істегісі келген жоқ.

Рим халықтары герман тайпаларының бәрін "варвар" жабайы деп атайтын. Бұл сөз гректерден рим халықтарына көшті, олар римдіктерден басқаның бәрін "варвар" деп атады. Варварлар Рим империясын солтүстік шекарасы жағынан, франктер Рейн өзені жағынан, готтар, аландар және хұндар Дунай өзені жағынан қыспаққа алды. Бұл тайпалар бір-біріне ұқсас болмаса да, оларды біріктіретін жалпы бір ортақ нышан - бәрінің атты әскерлері болды. Туғаннан ат құлағында ойнайтын олар өмірлерінің жартысын ат үстінде өткізетін. Рим империясының әскері көбіне ауыр қаруланған легионерлерден тұратын. Бірақ 378 жылдан бастап гот пен хұндардан жеңілгеннен кейін, өз әскерлеріне өзгеріс енгізді. Оларда да атты әскер құрылды. Рим қоғамы екіге бөлінді: бір жағынан әскери адамдар, екінші жағынан әскерге қатыспайтын азаматтар. Варварлар олай бөлінген жоқ. Олардың бүкіл ер адамдары әскерге қатысатын. Көсемдердің де және басқа белгілі адамдардың да жеке сарбаздары болатын. Бастық оларды қаруландырды, асырады және басқарды. Варварлар жауынгер болды. Олар көшпелі өмірді қалады, сол үшін де жаңа табыс, жер мен жайлау іздестіруге мәжбүр еді. Ақылды көршілерінен соғыстың жана әдістерін жылдам ұғып үйренетін. Сондықтан олар Рим империясын жеңіп, тізе бүктірді. Рим империясының шекаралары 410 жылдан бастап бұзыла бастады. Италияны вестготтар, Галлияны вандалдар мен аландар басып алды. Төменгі Рейн жағалауында жүз жылдан астам уақыттан бері франктер тұрып жатты. Солтүстік Африканы вандалдар тайпалары басып алды. Сонымен Рим империясы шегірен былғарысы сияқты қусырыла берді. 455 жылы Африкалық вандалдар Рим қаласын талап, өздеріне бағындырды, Италияны

олар Рим императорына қалдырды, оның әскерлері франктерден тұратын. 476 жылы Одоакр-герман әскери бастығы Ромул Августул - соңғы Рим императорын тақтан қуды да, мемлекет билігін өз қолына алды. Алайда оның қолына тигені Рим империясының қанқасы ғана болатын. Ондаған ғасырлар бойы Рим бүкіл дүние жүзінің біраз елдеріне билік жүргізді. Ал енді оның дәуірі аяқталды. Ескі дүниенің күндері санаулы еді. Сонымен қатар жаңа дүние туды. Олар қазіргі Еуропа мемлекеттерінің негізін қалады. Сондықтан 476 жылды тарихшылар жаңа кезеңнің, жаңа дәуірдің басы деп санайды. Ежелгі мемлекеттердің орнына орта ғасырлар мемлекеттері келе бастады. Римді басып алған тайпалар Еуропа жерінде жаңа мемлекеттердің, яғни қазіргі Еуропаның негізін құрды. Рим империясының қанқасынан пайда болған Франк мемлекеті ерте-феодаддық Еуропаның ең ірі мемлекеттерінің бірі деп саналды. Ол дамуының ең жоғары шегінде қазіргі Франция, Бельгия, Люксембург, Нидерланд мемлекеттерінің кейбір аудандарын, ГФР, Италия және Испанияның жерлерін біріктірді. Демек, Франк мемлекетінің 400 жылдық тарихы қазіргі Еуропа мемлекеттер көшінің басы деп санауға болады. Франк мемлекетінің пайда болу процесінің өзіндік ерекшеліктері көп. Галлия - Римнің ең бай провинциясы. Біздің дәуірдің бас кезіндегі V ғасырда ол өте терең дағдарысқа ұшырады. Құлдар, колондар, шаруалар, қаланың кедейлері көтеріліп, өздерінің жаулары германдық тайпалармен тізе қосып, билеуші таптарға қарсы шықты. Сондықтан Галлияның көп жерлері вестготтар, франктар, бургундтердің арасында өзара бөліске түсті. Герман тайпаларының ең күштісі - салистік франктар еді. Олар небәрі жиырма жылдай ғана уақытта мемлекеттің көп жерлерін бағындырып, басып алды.

486 жылы Суассон деген жерде франктерден Галлиядағы Римнің соңғы наместнигі Сиагрий жеңілді. Салистік франк тайпаларын белгілі Меровинг руының өкілі, он тоғыз жасар Хлодвиг басқарды. Франктер әскери шабуылдармен өз жерлерін кеңейте берді, бесінші ғасырда бүкіл франк корольдері Меровинг руының тұқымдары болатын. Бірақ олардың қоғамдық құрылысында әскери демократияның қалдықтары өте көп сақталған еді. Христиан дініне ену үшін Хлодвиг өзінің әскерінің келісімін он жылдай күтті. 496 (497) жылы Рим католик шіркеуімен одақ құрғаннан кейін ғана өзінің жағдайын нығайтты. Суассон жеңісінен кейін 22 жыл өтті. Енді Хлодвиг мемлекетінің шекарасы Пиренейден Жерорта теңізіне дейін созылды, Рейн өзенінің оң жағалауы да оған кірді.

Франктер Галлияны басып алғаннан кейін оларда таптық қоғамның құрылуы мен мемлекеттің пайда болу процестері жедел өтті. Франктердің әскери көсемдері Галлияға жорыққа барып келгеннен кейін қатты байыды. Олар жаңа жерлерге, малға, құлдарға ие болды. Кейін басы бос туысқандарын да өздеріне бағындыра бастады. Франк шаруалары жаңа жерде қауым құрды, ол марка деп аталды. Қауымдағы бүкіл орман, жайлау, құнарлы жерлер марканың жеке меншігінде болды. Франктердің көбі жеке бостандығы бар адамдар болғандықтан, олар ауыл шаруашылығын мемлекет басқару функциясымен қоса атқарды. Олардың құқықтары мен міндеттері мынандай болатын: әскерге қатысу, жүздіктің жиналысына бару, сот

шешімдерін орындау, сот қызметкерлерін сайлау, әскери табысты бөлісу. Әрбір бос франктің үйі, жер үлесі, шетелден келген құлды, яғни, жартылай бостандығын сақтаған литті жеке меншігінде ұстады. Бұдан басқа оның ормандарды, жайлауларды, суды басқаларымен қатар пайдалануға құқығы бар болатын.

Бір ауданның адамдары қауым құратын. Қауымның адамдары бір-біріне көмек беретін, өлген адамдардың жерін және бөлінбеген жерлерді бірге пайдаланатын. Ерікті франктерге франк ақсүйектері қарсы тұрды, бірақ алтыншы ғасырда олар ерікті франктерді әлі езуге сала алмаған еді. Маңызды мемлекеттік қызмет орындары ақсүйектердің қолында болатын. Олардың жеке меншігін шетелдік құлдар және кейбір тәуелді адамдар құрайтын.

Құнарлы жерлер үлеске бөлініп, әрқайсысы жеке отбасыларға пайдалануға берілді. Уақыт өте келе жаңағы үлестер әр отбасының жеке меншігіне айналды. Жаулап алған жерлердегі бағынышты халық езгіге түсті. Бірақ Римдік ақсүйектер өздерінің байлықтарын сақтап қалған болатын. Франктердің және галло-римдердің ақсүйектері өзара аралас-құралас болып, біріге бастады. Олар халықты өздерінің үстемдігіне көндіріп, ортақ мүдделерін қорғау үшін мемлекет құрды. Рулық қоғамның орнына мемлекеттік құрылыс пайда болғаны да осы кезең.

Мемлекетті жоғары лауазым иесі-король басқарды. Оған әскер, түрме, басқа күш қолданатын органдар жәрдем жасады. Франктердің жерлері округтерге бөлінген еді. Олар паги деп аталды. Франктердің бірінші королінің есімі Хлодвиг (486-511). Ол Меровингтер руынан шыққан көсем. Хлодвиг әскерге басшылық еткен уақытта бүкіл Галлияның жерлерін франктер басып алған болатын. Оның ақылды іс-әрекеттері аз емес. Айталық, ол христиан дінін қабылдап, Рим католик шіркеуінің қанатының астына кірді. Король атағы оның ер балаларына мұралықпен берілетін. Сондықтан франк мемлекетінің корольдері Хлодвигтің тұқымдары болатын. Корольдің қолында маңызды мемлекеттік артықшылықтар болды. Ол халық әскерін басқарды. Ол әскерге франктер ғана емес, галло-римдер де қатысатын. Король епис-коптармен және жоғары вельможалармен ақылдасып, бүкіл жоғары қызметкерлерді тағайындады. Оларға сыйлық ретінде жер және басқа заттар таратты. Корольдің сарайы ең жоғарғы мемлекеттік орган болды.

Франк мемлекеті ерте-феодалдық мемлекеттер қатарына жатады. Бұл мемлекет феодалдық қарым-қатынастарға құрылған. Мұның езі жаңа қарым-қатынастар үстемдік ететін екі топты жоғары көтерді. Олар франктер мен галло-римдер. Дегенмен олардың феодализмге келу жолы бірдей емес еді. Франктер феодализмге рулық қоғам ыдыраған соң келсе, римдер құл иеленушілік қоғамның барлық кезендерінен өтіп, құл иеленушілік дағдарысқа ұшырағаннан кейін ғана феодализм жүйесіне бет бұрды.

Франк монархиясының бірінші кезеңі Меровингтердің монархиясы деп аталады. Хлодвиг қайтыс болғаннан кейін оның балалары бір-бірімен тіл табыса алмай, соғыс бастады. Бұл шиеленіс жүз жылдан аса уақытқа созылды. Мемлекет бірнеше рет ұсақ тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетті.

Жетінші ғасырдың басында Король феодалдарды өзіне қарату үшін жерге қатысты жаңа саясатын жүргізе бастағаннан кейін ғана жағдай тынышталды. Ол феодалдардың жеке меншігіне көптеген жер үлестерін таратты. Бұл жерлер "бенефиций" деп аталатын. Жер үлесін алған феодал корольге қызмет істеуге міндетті болды. Кейін бұл жерлер аллодқа айналды. Аллод дегеніміз - толық жеке меншікке жататын жерлер. Сонымен, корольдің жасақтары мен әскерлері жерге ие болды. Меровингтер тұсында бұлар тез байып кетті. Феодалдармен қатар шіркеу де ауқаттанып, нығая түсті. Франк шаруаларының да жағдайлары өзгерді. Олардың арасында саралау процесі басталды. Шаруалардың көбі жеке бостандығын жоғалтып, жерінен айрылып, амалсыз прекарлық қағаз грамота жазуға тиісті болды.

Прекарий. Шаруа өзінің экономикалық тәуелсіздігін қорғай алмайтынын көріп, меншігіндегі кішкентай жер үлесін әміршіге беруге мәжбүр болды. Әмірші сол жерді оған кері қайтарып, қосымша жер кесіп берді. Бірақ ендігі жерде шаруа өзінің феодал әміршісіне қарыздар болып қалды. Оны өтеу үшін жұмыс істеп, салық төлеуіне тура келді. Прекарлық қағаздарда (шарттарда) шаруаның жеке басының міндеті туралы ештеңе айтылмады. Бірақ бұл шарт шаруаның жеке басын феодалға бағындыруға жағдай туғызды.

Бенефиций - феодалдық үстемдіктің екінші түрі. Жерді берген адам бұл шарт бойынша "сеньор, вассал" деп аталады. Ал жер алған адам "бенефициарий" делінеді. Вассал екеуінің арасындағы шарт бойынша шаруа жерді алғаны үшін әскери міндетін өтеуге тиісті. Бенефициарий керек кезінде жылына бір рет қырық күн вассалдың әскерінде соғысуға міндетті еді. Кейбір жағдайларда ол мемлекеттік аппаратта басқа да қызметтер атқаратын. Осылайша Франк мемлекетінде біртіндеп вассалитеттік қарым-қатынастар орныға бастады. Феодалдардың жерге жеке меншігі күшейген сайын, олардың әскери, полиция, сот және қаражат биліктері де нығайды. Олар өздерінің күшейген биліктерін иммундық қағаздармен белгіледі. Феодалдардың қолында осындай иммундық қағаз болса, мемлекеттік қызметтегі адамдардың юрисдикциясына бағынбауға құқылы болатын. Сот, полиция, қаражат қызметтері феодалдың қолында жинақталды. Феодал өзінің жерлерінде тұрып жатқан адамдарға сот, әкімшілік және азаматтық билікті жүргізуге құқылы еді.

Франк ақсүйектерінің күшеюіне галлорим магнаттарының әсері тигенін айта кетуіміз керек. Біріншіден, галло-римдердің саны басым болды. Екіншіден, олар франктердің ақсүйектерімен қосылып, бір сословие құрды. Рентаның пайда болуы, ірі жеке меншік иесінің ұсақ жеке меншік иесін қанауы және байлықтың арқасында қызмет-бабымен жоғарылауы, шаруалардың тәуелсіздігін жоғалтуы - осы нышандардың бәрі феодалдандыру процесінің өркен жайғанын дәлелдейді.

Германдар мен галло-римдер қарым-қатынастарының бір-біріне тигізгені әсері этика санасынан да көрінеді. Франктер, бургундтер, алемандар және галло-римдер ассимиляция процесіне ұшырады. Бұл процесте галло-римдердің ықпалы, олардың жоғары мәдениеті, тілі, құқығы және саяси

мәдениеті мықты әсерін тигізді. Бірақ, германдардың әлеуметтік-мәдени әсері де осал емес еді. Олар да өздерін ең маңызды саналарда көрсете білді. Мемлекет франк мемлекеті деп аталып, басқа атауларда бәрі көбіне франктердің тұрмыс салтымен тығыз байланысты болды.

Мемлекеттік құрылысы

Франк мемлекетінің ерте феодалдық монархиясы күрделі де, шиеленіскен жолмен орнықты. Күшті мемлекеттік аппарат құрылғаннан кейін ол өз күшін, бостандығын сақтаған франктерді үстем тапқа бағындыру үшін және көрші мемлекеттерді басып алу үшін пайдаланды.

Карл Мартеллдің реформалары. Карл Мартелл (715-741 жылдары) майордом қызметін атқарды. Оның реформаларын жер реформасы деп атауға болады. Король ретінде ол өзінің ісін саяси қарсы тұрған адамдардың жерлерін тәркілеуден бастады. Бұдан кейін шіркеудің де жерінің бір бөлегін тартып алып, секуляризацияға ұшыратты. Ол корольдің жер қорын құрды. Бұл жер қорын ол "жаңа ақсүйектерге" бенефиций ретінде таратып берді. Бенефиций жерлерін алған феодалдар корольдің әскеріне қызмет істеуге тиісті еді. Олар әскерге өзінің қаруланған адамдарымен келуге мәжбүр болды. Бенефициарийге берілген жердегі тәуелді шаруалар. Бенефициарийлерге салық төлеуге тиісті еді. Сонымен, бенефиций шарттары өмірге вассалитет қарым-қатынастарын әкелді.

Бенефицийден басқа коммендация, прекарий және өзін құлдыққа сату сияқты шарттар жиі кездесті.

Карл Мартеллдің реформасынан кейін Франк мемлекетінде орталық билік нығая бастады. 751 жылы Карлдың баласы Пипин феодалдар мен шіркеу қызметкерлерінің жалпы жиналысында король болып сайланды. Мемлекеттің гүлденген кезеңі Ұлы Карл басқарған уақытпен тұстас (VIII-ғасырдың екінші жартысынан IX ғасырдың бас кезіне дейін). Ол мемлекеттің шекарасын үлкейтіп, Батыс Германияны, Солтүстік Италияны және Солтүстік Испанияны мемлекетіне қосып алды.

Король сарайы бүкіл мемлекеттің басқару орталығына айналды. Бірақ франк монархиясын шексіз монархияға жатқызуға болмайды. Король өз билігін ақсүйектермен бөлісті, маңызды шешімдерді солармен ақылдасып шешті. Ірі феодалдар мен шіркеу қызметкерлері корольдің кеңесіне кіретін. Бұл Кеңес корольдің билігін шектейтін. Көктемде феодалдар өздерінің Ұлы жиналыстарына қатысатын, бұл жиналыс "Наурыз дала" деп аталды. Феодалдар осы жиналысқа қаруланып келетін және өздерінің әскери дайындығын көрсететін. Ірі феодалдар осылайша корольдің билігін шектейтін еді.

Хлодвиг әртүрлі әдіс қолданып, қарапайым әскер басшысынан жеке басшыға айналды. Жеке билік үшін Хлодвиг тайпалар көсемдерінің көзін жойды, туысқандарды да өлтірді. Неше түрлі арамдықтарды қолданудан ол тайынған жоқ. Хлодвиг христиандардың дінін алып, мемлекетті нығайтты. Бірақ корольдің билігі күшті болғанымен, рулық қоғамның кейбір басқару органдары сақталып қала берді. Франктердің жалпы тайпалар жиналыстарының орнына "Наурыз дала" деген жиналыстар келді. Мұндай

жиналыстарда Хлодвиг әскерінің сапасын талқылады. Жетінші ғасырдан бастап Наурыз дала жиналысы ақсүйек қызметкерлердің жиналысына айналды. Король және оның төңірегіндегілер шешімдері алдымен осы Наурыз дала жиналысында талқыға салынатын.

Корольдің өзі бейбітшілік кепілі болды, ол қауымның шығарған шешімдерін орындайтын, заң шығаратын. Король әскер, сот процесі туралы заңдар шығарды. Король ез билігін мұрагерлік түрінде балаларына қаддыру құқығын иеленді. Корольдің қызметкерлері министрлар деп аталды.

Олардың арасындағы басты қызметкердің лауазымы - майордом болды. Бұрын майордом сарайдың шаруашылық ісіне ғана жауап беретін, келе-келе оның билігі күшейіп, ең беделді қызметкерге айналды. Ол корольдің бірінші көмекшісі және орынбасары болды. Майордомның қолындағы билікті пайдаланып, мемлекеттік төңкеріс жасаған жағдайлар да кездесті. Майордом король сарайының басшысы болғандықтан, қызметкерлердің барлығы соған бағынатын. Қызметкерлердің басым көпшілігін ол өзі тағайындайтын.

Пфальцграф-корольдің сарайындағы сотты басқаратын лауазым иесі.

Тезауарий - дәулетті сақтаушы, ол бүкіл материалдық игілікке ие болып, соның сақталуына жауап береді. Ол мемлекет қазынасының сақталуына да жауапты болды. Франк мемлекетінде корольдің және мемлекеттің қаражаты бірге сақталатын.

Маршал-корольдің атты әскерін басқаратын адам.

Архикапеллан-корольдің діни қызметкері. Сарайдағы шіркеу қызметкерлерінің ішіндегі ең жоғары дінбасы. Ол міндетті түрде король кеңесінің мүшесі болды.

Камерарий-король қазынасына салықтың түсуін бақылаушы және **сарай** мүлкінің сақталуына жауапты адам. Аталған қызметкерлердің арасындағы биліктердің бөлінуі өлі де зерттей түсуді қажет етеді. Себебі – қызметтік иерархия әлі жеткілікті анықталмаған.

Мемлекет жерлері паги деп аталып, аудандарға бөлінетін. Оларды басқаратын графтарды корольдің өзі тағайындайды. Графтың қарауында әскери отрядтар паги әскері деп аталды және тікелей графқа бағынатын. Графтардың басқару әдістері рим қызметкерлерінің әдістеріне ұқсас болды. Өйткені олардың қолында әскери функциядан бөлек полицейлік және сот функциялары да жиналған еді.

Паги жүздікке бөлінді. Жүздікті басқаратын адамды халық сайлайтын. Жүздік қауымға бөлінді, қауымда жергілікті өзін-өзі басқару принциптері сақталды.

Бірнеше округтер герцогтіктерге бірікті, оларды герцог басқарды. Герцогтер басқару қызметінен басқа шекараны қорғауға тиісті болды. Өмірдің басқа саласында оның функциясы графтың қызметіне ұқсас.

Сот. Жоғарғы сот билігі монархтың қолында болды. Ол сот қызметін ақсүйектердің өкілдерімен бірлесіп атқарды. Корольдің кеңесі ең ауыр қылмыстарды қарайтын.

Бірақ сот функциялары бұрынғысынша қауымның билігінде қала берді. Қауым өз жерінде жасалған қылмыстарға жауапты болды, сотқа қатысты, ант берген адамдарды белгіледі, келмеген адамдарды сотқа апаруға тиісті болды және вергельд деп аталатын айыппұлды туыскандарына төлеуге көмектесті.

Негізгі сот органдары-жүздіктің соттары. Олар бұқара халықпен тығыз қарым-қатынас жасады, сондықтан мұндай соттың абыройы жоғары еді. Олар өз қызметінде халықтың әдет-ғұрпын сақтап, көбіне сол нормаларды қолданатын. Бірақ бірте-бірте олар да монархияның құралына айналып, өзінің тәуелсіздігін жоғалта бастады.

Жүздіктің сотын тунгин басқаратын. Сот қызметкерлері соттың рахинбургтері деп аталды. Сот мүшелігіне бай әрі құқық мәселелерін жетік білетін адамдар сайланды. Сот мәжілісіне тәуелсіз және құқығы толық ерікті адамдар қатыса алатын. Король сайлаған адамдар сот процесінің дұрыс және заңды өтуін ғана қадағалайтын.

Әскер. Франк мемлекетінің халық әскері феодалдық әскерге айналды. Меровингтер кезеңінде әскердің негізін корольдің сарбаздары құрайтын. Олар жақсы қаруланған және жеткілікті жалақы алатын. Сондықтан олар король тағының басты тірегі болып есептелді, шаруаларды басу үшін король өзінің сарбаздарын жұмсайтын. Кәсіпқой әскермен қатар халық әскерлері де сақталды, олар басқа мемлекеттермен соғысқан жағдайда керек еді. Бұл әскерлер бірте-бірте тек қана көмек беретін әскерге айналды. Корольдің кәсіпқой әскерлері де жерге ие болғаннан кейін корольге бұрынғыдай біржола бағынбайтын болды. Осы себептер әскерді әлсіретті де, Карл Мартелл әскерде реформа жүргізуге мәжбүр болды.

Каролингтер монархиясының ерекше нышандары сегізінші ғасырдан IX ғасырдың ортасына дейін сақталды. Сегізінші ғасырдың басында Франк мемлекетіне әскери қауіп төнді. 718 жылы арабтар Пиреней жарты аралын өздеріне толық бағындырып, Галлияға кірді. Сол жылы олар Септи-манияны жаулап, Аквитания мен Бургундияға көз алартты. Аквитанияның және Бургундияның магнаттары арабтармен одақ құруға да келісім ететіндігін байқатты. Карл арабтарға және сатқын магнаттарға қарсылық көрсете білді. Ол үш мемлекеттің майордомы ретінде корольдердің орындарын әдетте босалқы ұстады. Оның ең табысты реформасы - әскери реформа еді.

Реформаның негізгі мәселесі - бенефиций. Бенефиций үшін рыцарьлер әскерге келетін болды. Олар ақы ретінде жер алушы еді. Жер үлесі бенефиций деп аталды. Бенефиций әкесінен баласына мұра ретінде берілетін. Жер берумен бірге әскерге қатысу міндеті де жүктелді. Бұл реформа әскерді күшейтті де, соғысты табысты ету үшін жана мүмкіншілік туғызды. Корольдің өзі әскерін өз халқына қарсы пайдаланған кездері де болды.

Король әскерге байлығы орташа адамдарды жинайтын. Олар негізінен атты әскерде қызмет етуге тиісті болды. Мықты әскер жасақтау үшін Карлге қанша уақыт керек болғаны белгісіз. Бірақ 832 жылы Пуатье деген жерде арабтарды тоқтатып, жеңгені анық. Арабтардың басшысын, Испанияның наместнигін - Абдар Рахманды өлтірген кісі. Арабтар келесі күні кейін бұрылып кетті. Карл -"Мартелл" деген ат алды, бұл сөз "балға" деп

аударылады. Карл Мартелл бүкіл Еуропаға қауіпсіздік туғызған арабтардың экспансиясын тоқтатты. Арабтардан кейін Карл және оның Қысқа Пипин деген баласы (751-768) Аквитанияда, Прованс, Септимания жерлерінде корольдің билігін қалпына келтірді. Алемандар мен баварларды өздеріне бағындырып, фриз бен сакстерді салық төлейтін етті. Осы саясат Карлдың абыройын көтеріп, Франк мемлекетін күшейте түскен еді. 751 жылы Пипин Қысқа Франктың королі болып таққа отырды, оны Суассон қаласында король етіп жариялады. Сонымен Меровингтер әулетінің билігі аяқталып, Карлдың атымен аталған Каролингтер әулетінің билігі басталды. 775 жылы Пипин Рим папасына көмек беріп, оның қорғауына кірді. 768 жылы Пипинның баласы Карл таққа отырды, ол лангобардтармен соғысып, 774 жылы Альпы тауларынан өтіп, Италияны жеңді. Шынында, ол енді франктердің және лангобардтардың королі болып, Римның басшысына айналған еді.

Карл шабуылын тоқтатқан жоқ. Ол солтүстік Германиядағы сакстерді өзіне бағындырып, христиандардың иелігіне айналдырды да, маврлерден Испанияның солтүстігін тартып алды. 800 жылы ол франктердің, Батыс Германияның және Солтүстік Италияның басшысы болды. Сол жылы Рим папасы Лев үшінші басына тәж кигізіп, оны Рим империясының Ұлы императоры деп атады. Енді франктердің королі Ұлы Карл қайтадан Рим империясының басшысына айналды. Император шіркеуге қол үшін беріп, ғылым мен білімге жол ашқысы келді. Ол өзі жазу білмесе де, латын мен грек тілін жақсы түсінетін. Сондықтан халыққа арналған заңдар жазып шығаруға тапсырма берді.

Каролингтердің әскери реформалары тәуелсіз шаруалардың санының өсуіне әсерін тигізді. Енді үш, яғни, төрт жер үлесі бар шаруалар атты әскерге қатысуға тиісті еді. Бұл жағдай шаруаларды әскерге қатысудан босатты деп санауға болды. Шаруалар сот процесіне көбіне қатыспайтын. Сөйтіп олар белсенді рөлінен біртіндеп айырыла бастады. Тоғызыншы ғасырдың басында Франк мемлекеті өзінің мейлінше нығайған ең жоғарғы сатысына көтерілді. Ол бүкіл Батыс Еуропаны бағындырды. Шекара бойында оның күшті жаулары болған жоқ. Бұл біртұтас мемлекет құрған ұлттарды біріктірген әскермен соғыс жолы ғана еді. Франк қоғамының экономикасы натуралдық сипат алды, яғни, аудандардың арасында мықты байланыс болған жоқ. Франк мемлекетінің ыды-рауына әкеліп соққан бұдан да басқа себептері аз емес.

843 жылы Верден қаласында құрылған шарт негізінде мемлекет үшке бөлінді. Ұлы Карлдың немерелері атасының империясын үшке бөлді: олардан болашақта Франция, Германия және Италия мемлекеттері құрылды.

ФРАНЦИЯНЫҢ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТІ

Натуралдық шаруашылық үстемдігі, қолөнер мен сауданың нашар дамуы Ұлы Карл империясының өркендеуіне мүмкіншілік туғызған жоқ. 843

жылы Верден қаласында құрылған шарт бойынша империя үшке бөлінді. Қазіргі Франция, жерлері Қасқа Карлдің иелігіне тиді.

Францияда феодалдық құрылыс мейлінше толық даму жолына түсті. Феодалдық Францияның тарихы үш негізгі кезеңге бөлінеді:

1) IX-XIV ғғ. феодалдық қарым-қатынастардың толық дамуы және гүлденуі, бұл феодалдық мемлекеттің ыдыраған кезеңі;

2) XIV-XVII ғғ. сословиелік-өкілдік монархия. Бұл кезеңде гүлденген мемлекет бір орталыққа бағынған болатын;

3) XVII-XVIII ғғ. абсолюттік, шексіз монархия. Бұл кезеңде негізгі қайшылықтар қатты шиеленісіп, корольдің билігі күшейген кезең.

Францияның типтік үш кезеңі басқа да феодалдық мемлекет тарихына тән. Бірақ Францияда таптардың күресі мейлінше жоғары дәрежеде болғанын атап көрсеткен жөн.

X ғасырдың соңында Францияда 10000-дай феодалдық иеліктер болатын. Олардың жер көлемдері әртүрлі болды және сеньория деп аталды. Сеньориялардың біреулері корольдің билігінде болса, екіншілері корольге ант берумен ғана шектеліп, өзінің тәуелділігін сақтап қалды. Сол кезеңде Францияда ұлттық билік әлі пайда бола қойған жоқ еді. Француз ұлты XVI-ғасырда қалыптаса бастады. Ол галлдардың, римляндардың, бриттердің, франктардың ұрпақтарынан пайда болды.

Францияның ең ірі сеньорияларына Нормандия, Фландрия, Бретань, Бургундия, Аквитания, Касконь иеліктеріне Инжу, Турень, Мэн, Пуату, Тулуз, Шампан, Паккардия графтіктері жататын. Франция тарихының бірінші кезеңінде көбіне ауыл шаруашылығы басым болатын. Қолөнер егін шаруашылығынан енді-енді бөліне бастаған. Шаруашылығы натуралдық болғандықтан, тауар-ақша қарым-қатынастарының дамуы өте төменгі деңгейде еді.

X ғасырда үстем тап жеке меншікті және саяси билікті өз қолына шоғырландыра түсті. Экономикалық тұрғыдан алғанда, әрине, жеке меншік институтының маңызы зор болды. Жеке меншігі дамыған помещиктің шаруаға үстемдігі арта түсті. "Сеньорсыз жер жоқ"-деген қағидат сол кездегі халық арасына кеңінен тарап кетті.

Феодалдардың саяси және әскери құрылысы иерархиялық принципке негізделген еді. Герцогтер мен графтар корольдің вассалдары, алайда өз жерлерінде ешкімге бағынбайтын әкімдер, маркиздер мен барондар олардан кейінгі сатыға тұрды. Олардан да төменіректерді рыцарлар деп атады.

Төменгі вассал өзінен жоғары тұрған адамға ғана бағынды. "Менің вассалымның вассалыменің вассалым емес" деген принцип Францияның иерархиялық сатысын құрайтын. 18-20 жастағы әрбір феодал рыцарлық дәрежесіне көтерілетін. Оған семсер мен темір өкше сыйланатын еді. Рыцарлер корольдің әскерін құрайтын.

Шаруалар сервтер мен вилландарға бөлінді. Вилландардың міндеттері жермен байланысты, олар сеньорлардан жер алып пайдаланды. Ол үшін чинш төледі. Чинш өмірлік жалдау салығы. Олар бұдан басқа да рента төлейтін болған. Ол алған өнімінің (нан, жүзім, шарап) бестен бірін

құрайтын. Вилландар бұрынғы колондар мен прекарийлер қауымының тұқымдары. Олар талья деген салықты ақшалай төлеп, жылына 8-10 күн феодалдың жерінде жұмыс істейтін. Вилландар феодалдардан кетуге құқылы болды.

Сервтер бұрынғы құлдардың, литтердің ұрпақтары. Жұмыс істейтін бұқараның көпшілігі сервтер еді. Сервтердің шаруашылықтары мен өндіріс құралдары болатын. Жерге салық төлейтін де, қалған өнімге өздері иелік жасайтын.

Сервтер жермен бірге сатылатын. Олар тальямен бірге жеке басына да салық төлеуге тиісті болды. Мырзаның келісімін алмай, серв некеге де тұра алмайтын. Ол мырзаның рұқсат бергеніне неке салық төлейтін. Қайтыс болған сервтің мүлігі оның мұрагерлеріне пай төлегеннен кейін берілетін. Бұл әдет "өлген адамның қолының құқығы" деп аталатын еді.

Оны орындау үшін мүлік алушы адам феодалға пай ретінде ең ірі малдың басын беруге тиісті болатын. Сервтердің жағдайлары құлдың ахуалына жақындайды, бірақ олардың мүліктік және некелік жағдайлары біршама тәуір еді. Сеньорлар сервтерге сот және әкімшілік билігін толық жүргізе алатын. Олардың үстінен шағым беруге сервтердің құқығы жоқ еді. Қашып кеткен сервтерді сеньорлар қайтарып алуға ерікті бодды.

Шаруалардың барлығы да барщина орындауға міндетті еді. Ол шаруалардың помещик жерінде еріксіз істеген тегін еңбегі. Бірақ барщинаның орнына салық төлеуге де болатын. Шаруалар сеньорлардың жерінде ағаш, тас әкелу, жол кепір салу және басқа да шаруашылық жұмыстарды жүргізуге міндетті еді. Шаруалардың жағдайлары құлдардың жағдайынан жақсы болғанымен, өте қиын және күрделі қалпында қалды. Олардың шектеулі болса да құқықтары бар еді, ал феодалдарға шаруаларды өлтіруге тыйым салынды.

Осындай қатаң тәртіпке наразы шаруалар жиі-жиі көтеріліске шығатын. Бірақ сол кетерілістердің ешқайсысы жеңіске жеткен емес.

Мемлекеттік құрылыс. Франция бірнеше ғасыр бойын мемлекет деп саиалғанымен, онда тұтастық, бір орталыққа бағыну болған жоқ. Франция корольдерінің билігі Париж бен Орлеан аудандарымен ғана шектелді, бұл жерлер корольдің өзінің сеньориялары болатын. Король байлығының аздығы оның басқа феодалдарды вассал ретінде толық бағындыруына мүмкіндік бермеді, сондықтан ол тең адамдардың арасындағы бірінші болумен қанағаттанды. Таққа корольді феодалдардың ақсүйектері сайлайтын.

997 жылы Францияның королі болып Гуго Капет сайланды да, Каролинг әулетінің билігі аяқталды. Капетинггерді XII-ғасырға дейін король тағына феодаллар сайлады, ал XII-ғасырдан бастап тақ мұрагерлікпен көшіп отыратын болды. Франция мемлекетінің бірінші кезеңі сеньори-лдық монархия деп есептелінді. Мұндай мемлекеттік құрылыс натуралдық шаруашылықтың салдары. Мемлекет бір орталыққа бағынбай, бытыраңқылыққа ұшырады да, король билігі әлсіреп, феодалдар байыған үстіне байыды.

Сыртқы саясатта мемлекеттің күшеюіне алып келген факторлардың бірі - Ұлыбританияның мықтылығы. XIII ғасырда Франция королінің Бретань мен Нормандияны Францияға қосып алуы Британияны әлсіретті. IX-XII ғасырлардағы Францияның мемлекеттік құрылысы сеньориалдық монархияға жататын. Бұл ерте-феодалдық монархияның түрі. Корольдің билігі өзінің иелігіндегі жерлерге ғана жүретін. Басқа жерлерде билік ірі феодалдардың қолында еді. Сюзеренитет-вассалитет принциптеріне құрылған осындай мемлекеттің құрылысы сеньориалдық монархия деп аталды. Сеньориалдық монархияның құрылуы орталық мемлекеттік биліктің әлсірегенін, мемлекеттің тұтастығының бұзылғанын, оның сыртқы саяси жағдайының әлсірегенін көрсетеді. Экономикалық және саяси ыдырау процестері жүріп жатқанда, феодалдар мемлекеттің функцияларын патшадан жақсы атқаратын. Сеньориалдық монархия Францияны тек қана регреске алып келді деп ойлауға болмайды. Бұл монархия Францияның сол уақыттағы экономикалық жағдайымен байланысты еді. Феодалдық бытыраңқылықтан феодализмнің даму процесі тоқтаған жоқ.

XII-XIII ғасырларда феодалдық қоғамның ішінде жаңа қарым-қатынастар туғаннан кейін саяси ұсақтаудың орнына басқа процестер келді. Ол король билігінің күшейе бастауы еді. Бұл процесс қалалардың және тауар-ақша процестерінің дамуымен байланысты болды.

Король. Корольді феодалдық курия сайлайтын, феодалдардың бәрі сол салтанатты жиналысқа қатынасатын. XII ғасырдан бастап корольдің тағы мұрагерлік жолмен берілетін болды.

Корольдің билігі өте аз және дәрменсіз болатын. Ол Францияның әскерін басқарды, заң шығарды және сот қызметін атқарды. Бірақ бірінші Капетингтер мемлекетті басқарған кезінде капитулярий деген заңдарды шығаруын тоқтатты, корольдің басқа да құқықтары тек қана қағаздағы құқықтар еді. Оның міндеттері мынандай жоғары сөздермен белгіленді: "корольдік пен шіркеудің қорғаушысы", "бейбітшіліктің сүйеушісі", ал корольдің билігі тек өз жерінде ғана жүзеге асырылатын еді. Шын мәніндегі күш корольде болған жоқ. Бұл кезеңдегі корольдердің көпшілігі әлсіз және талантсыз адамдар болғанымен, мемлекеттің бірігу процесі басталды. Король билігінің күшеюі қала тұрғындарының қолдауына тікелей байланысты болғаны мәлім. Қалаларды сеньорлар мен бюргерлер мазалай бергеннен кейін, олар қауіпсіздікке мүмкіншілік туғызу үшін корольден көмек күтетін болды. Қалалар корольге ақша беретін, анда-санда әскер жинауға көмектесетін. Өнеркәсіп пен сауданың дамуы бөлек-бөлек аудандардың бірігуіне алып келді.

Корольді уақ рыцарлар де жақтады. Корольдің күштілігі олардың тәуелсіздігіне кепілдік беретін, сөйтіп ірі сеньорлардан қорғайтын. Шаруалардың да таптық күресі феодалдарды біріктірді.

Феодалдық ұсақтау кезінде орталық басқару органдары бір жалпы жүйеге түсіп, саралауға келген жоқ. Ірі феодалдар корольге бағынбады деп айтуға болады. Олардың өздерінің жеке әкімшілігі, соты, ақшалары болатын.

Каролингтерден қалған патшаның сарайы мемлекеттің орталық органдарына айналды, оған ақсүйектер мен қызметшілер кіретін.

Патша әкімдерінің арасында ең белсенді рөл атқаратын адам-сене-шал еді. Ол патшаның сарайын, әскерін басқарып, мемлекеттің маңызды құжаттарына қол қоятын. Сенешалдың қызмет орнына тек қана бай, ақсүйек отбасылардың ұрпағы тағайындалатын. Сенешалдың көмекшісі рсферендарий деп аталатын. Корольдің қазынашысы корольдің архиві мен қазынасына ие болатын. Белгілі бір кезеңнен кейін бұл жұмысты архикапеллан атқарды. Канцлер корольдің заңдарын реттеп, корольге қол қойғызып, мәр бастыруға міндетті адам. Корольдің атты әскерлерін маршал басқарды.

Корольдің куриясы. Бұл мемлекеттік орган барондар мен епископтердің жиналыстары. Оның қолында сот және басқару қызметтері шоғырланған. Ол феодалдардың арасындағы таластартыстарды, соғыс және бейбітшілік, саясат мәселелерін қарайтын. Корольдің некеге тұруына рұқсат беретін, Рим папасымен қарым-қатынас мәселелерін талдап, корольдің заңдарына келісім беретін. XIII ғасырда курияның мүжілісіне легистерді шақыратын болды. Ірі атақты магнаттар курияның мүжілістеріне қатысқысы келмейтін.

Жергілікті басқару. Бұл органдар тек қана корольге қатысты аймақтарда құрылатын. Ірі сеньорларға өздерінің жергілікті басқару органдары құрылды. Корольдің қызметкерлері әкімшілік, сот, әскери және қаржы салаларын басқаратын. XI ғасырда король өздерінің "домен" деген жерлерінде прево қызметкерін тағайындайтын болды. Оған көмек беретін адамдар сержант (ауылда), майор (қалада) деп атала бастады. Прево қазынаға салық жинап, феодалдық әскерді құрып, әкімшілік және сот қызметтерін атқаратын еді. XII ғасырда округтер бальяждарға бірікті. Прево ірі әкімшілік бөлімі бальяжға қарайтын болды. Корольге тікелей бағынатын жерлер көбейген сайын, бальяждардың де саны кебейді. Бальяждың басында корольдің өзі тағайындаған балья деген қызметкер тұрды. Оған бірнеше прево бағынатын. Балья корольдің бұйрықтарын іске асыратын, бальяждың феодалдық әскерлерін құратын және басқаратын.

Король бальяны тағайындамай, оның қызметтерін сенешалға берген жағдайлар да кездесетін. Сенешал мен бальялар XIII ғасырда корольдің атынан сот қызметтерін жүргізді, олар ең ауыр қылмыстарды және феодалдардың арасындағы таластарды қарайтын. Прево, бальялар және сенешалдар корольдің қаржы күшін нығайту үшін белсенді рөл атқаратын еді. Олар салық және айыппұл жинайтын және сол ақшаның уақытында қазынаға түсуін бақылап отыратын.

Дипломаттарды, сот қызметкерлерін, ақыл кеңесшілерді король уақ рыцарлардан және атақсыз адамдардан тағайындайтын болды. Олар корольді жақтап, ірі феодалдарға қарсы шығатын. Осы аппараттың қызметіне сүйене отырып, король өзінің байлығы мен билігін күшейте бастады. Патшаның билігінің күшейе бастауы Тоғызыншы Людовик өткізген

реформалармен байланысты. Бұл реформалар XII ғасырда жүргізілгені мәлім (1226-1270).

Сот реформасы. Тоғызыншы Людовик әскери, сот және әкімшілік реформаларын өткізген болатын. Әскери реформа қалалық милицияның құрылуына алып келді, феодалдарының әскерінен басқа король өзінің жеке жалданған әскерлерін құрған болатын. Рыцарьлар әскерге өздері қызмет етпей, ақша төлеп құтылуға мүмкіндік алды. Әскер корольдің тәуелсіздігін қорғайтын. Людовиктің "Францияда тек бір король бар" деген сөзі жақсы мәлім. Король әскерлерін феодалдарға қарсы қолданған кездер де болған. Феодалдардың арасындағы соғыстарды тоқтату үшін король феодалдардың арасындағы жеке соғыстарға тыйым салды және корольдің 40 күнін кіргізді. Осы уақыт ішінде феодалдар соғыс аша алмайтын, өз араларындағы таластарды король сотының талқысына салуға міндетті болатын.

Корольдік курияны король бірнеше орталық ведомствоға бөліп тастады. Корольдің кіші кеңесі король жанындағы кеңесші органға айналды.

1260 жылы ерекше сот органы пайда болды, ол орган Парламент еді. Парламент Париж қаласында жылына төрт рет жиналатын, король парламенттің мүшелерін ешкімге белгісіз легистерден құратын. Бұл Францияның жоғарғы соты, феодалдардың арасындағы талас-тартыстарды, маңызды қылмыстарды және саяси қылмыстарды қарады. Енді корольдің куриясы екі палатадан құрылып, біреуі-парламент, ал екінші палатасы қаражат жағын басқарды. Курия өзінің жұмыс істеу сипатын өзгертті, ірі феодалдар тек қана салтанатты мәжілістерге қатысатын, олардың орнына легистер мен министрлер келді. Легистер рим құқығымен жақсы таныс болатын, оны жиі қолданатын. Легистер корольді жақтап, оған қарсы шыққан феодалдарының жерін тартып алу үшін күрделі істерді жүргізді. Олар корольдің байлығын көбейтіп, шіркеу қызметкерлерін басқару және сот процестерінен бірте-бірте ығыстыра бастады. Легистердің ұжымдары корольдің өзіне ғана бағынатын еді. Осы өзгерістер корольдің билігін күшейтіп, король билігінің негізін нығайтты.

Ақша-қаражат реформасы. Бүкіл Францияның жеріне тұтастай жаңа ақша кіргізілді. Бұл жаңа ақшаның сапасы феодалдардың ұсақ ақшасының сапасынан көп жоғары болатын. Сондықтан жаңа ақша феодалдардың ақшасын жылдам ығыстырып шығарды.

Корольдің әкімшілігі де нығайып, күшейе түсті. Король өзінің орталық билігін де күшейтті. Ол аудандардың әкімшілігін қатаң тексеретін болды. Сенешал, бальи, прево қызметке кіріспес бұрын корольге ант Оеруге тиісті болды, олар корольдің мүддесін қорғаймыз деген міндеттерді мойындарына алатын.

Тоғызыншы Людовик қалалардың еркіндіктерін шектеген жоқ, бірақ төлейтін салықтарын көбейтті.

Осылардың барлығын қосқанда өте күшті маңызды іске айналды. Бұл реформадан кейін феодалдар мен қала тұрғындарының көбі корольдің маңайына жиналатын болды. XIII ғасырдың екінші жартысында корольдің

халықаралық беделі де көтеріліп, оны халықаралық қайшылықтарды шешу үшін жиі шақыратын болды. Бұл өзгерістер мемлекеттік және қоғамдық құрылыста сословиелік-өкілдік монархияның негізін құрды. Бірақ Франция бұл кезде біртұтас мемлекетке әлі айнала қойған жоқ еді. Ол Оңтүстік, Солтүстік бөліктерден және тәуелді графтіктер мен герцогтіктерден тұратын.

Сословиелік-өкілетті монархия. Тауар-ақша қарым қатынастарының дамуы шаруалардың құқықтық жағдайларын өзгертті. Сервтердің саны азайды да, шаруалардың көбі ерікті ценз төлеушілерге айналды. Олар өздерінің сеньорларына ценз деп аталатын ақша рентасын төлейтін болды. Рентаның бағасы біртіндеп өсе бастады. Франция мен Англияның арасындағы жүзжылдық соғыс феодалдық қанаушылықты күшейтті де, шаруалардың жағдайларын нашарлатып, таптық күрестің шиеленісуіне әкеліп соқты. Соғыс уақытында көптеген феодалдардың жерлерін король тәркілеуге ұшыратып, өзін жақтайтын уақ феодалдарға алып берген болатын.

XIV-XV ғасырларда Францияда сословиелік құрылыс аяқталды. Соның нәтижесінде үш ірі сословие пайда болды: шіркеу қызметкерлері, ақ-сүйек дворяндар және қала тұрғындары. Бірінші сословиеге шіркеу қызметкерлері жататын. Король Рим папаларымен күресіп, XIV ғасырда оларды жеңіп шықты. Шіркеу қызметкерлері француз ұлтының бір бөлегі деп саналды және корольдің заңдары бойынша өмір сүретін болды. Шіркеудің құқығы шектелді де, юрисдикциясы азайды.

Шіркеу бұрынғыдай өзінің сот иммунитетін сақтап қалды, салық ретінде өз шаруаларының табысының оннан бірін алатын. Ол мемлекет аппаратында қызмет етуден босады да, салық төлегенде белгілі бір жеңілдіктерге ие болды.

Мемлекеттің екінші қоғамдық топтары-дворяндар, ақсүйектер. Олар бұрынғыдай өзінің сот және салықтық иммунитетін сақтады. Дворяндар жабық, консервативтік сословие болатын, олар корольдің вассалдары емес, қызметшілері болып саналатын. Тек дворяндар жерді жеке меншік ретінде иеленуге құқылы еді. Рента құқықтарының бәрі мұрагерлік жолымен берілетін. Дворяндар атақ алуға, елтаңба да иеленуге құқылы болатын. Бұдан басқа олардың сот жеңілдіктері де көп еді, мемлекетке салық төлеуден де босатылған болатын. Олардың жалғыз міндеті - корольдің әскерінде қызмет атқару.

Дворяндар, герцогтер, маркиздер, графтар, виконттар дворяндар топтарына жатады. Олар әскери және мемлекеттік аппаратта жоғары қызмет орындарына ие болатын. Төменгі дворяндардың жағдайлары жұпынылау еді. Уақ дворяндардың байлығы шаруаларды қанаушылықпен тікелей байланысты десек артық емес. Сондықтан олар корольді жақтайтын, тек билігі күшті король ғана шаруаларды тәртіпте ұстай алды.

XIV-XV ғасырларда үшінші тектілі топ құрылып болды. Бүкіл жұмыскер адамдармен қалыптасып келе жатқан буржуазия осы сословиеге жататын. Олар ақсүйектер емес, олардың жеке және мүліктік құқықтары да

жоқ еді. Бұл сословие феодалдық корпоративтік сипаттағы салық төлейтін сословиеге жататын.

Сонымен, Францияда үш қоғамдық топ құрылды. Әрбір топта корольдің құқығын шектейтін тектік-өкілдік орган құрылды. Бірақ олардың король билігін шектеуге ұмтылған әрекеттері толық жеңіске әкелген жоқ. Феодалдардың арасындағы қайшылықтарды пайдалана отырып, король өзінің билігін күшейте берді. XIV ғасырдан бастап Франция біріккен тұтас мемлекетке айналды. Жергілікті феодалдармен күрескен уақыттарда қалалар корольден көмек іздейтін болды. Корольмен қалалық патрициаттын арасында мынандай жазылмаған келісім бар еді: қалалар патшаға ақша мен әскер береді, король оларға қамқорлық көрсетіп, қорғап отырады. Сонымен бірге қалалардың бостандықтарына кепілдік беріп, олардың жоғары бөлігін мемлекет басқаруына тартады. Жаңа құрылған бүкіл қоғам топтардың органдары - Бас штаттар деп аталатын. Яғни, француздардың қоғамы енді үш топтан тұратын болды: шіркеу қызметкерлері барлығы үшін шоқынады, ақсүйектер барлығы үшін соғысады, ал қала тұрғындары барлығы үшін жұмыс істейді. XII ғасырдың бірінші жартысында Капетингтер өздерінің билігін нығайтып, өздеріне қарсы шыққан вассалдарды жеңіп, дегеніне көндіріп, король жерлеріне жақын орналасқан қалалар мен аудандарды қоса басқарды. Бұл бүкіл мемлекеттің біріктіру процесін күшейтті. Корольді уақ вассалдар мен шіркеу қызметкерлері жақтады, бірақ бәрінен де күшті көмекті қала тұрғындары беретін.

Бірақ Францияның королі шексіз монарх болған жоқ. Ірі сенъориялар сақталды, олар корольге қарсылық көрсетіп, орталықтағы процестерді тоқтатты.

Көркем Төртінші Филипп патшалығының кезінде Францияның жері кеңейіп, патшалығының сонында Францияның көп жерлері корольдің доменіне кірді. Мемлекет сословиелік-өкілдік монархияның нысанына ие болды. Ол мемлекетті басқарған кезінде Бас штаттар деген сословиелік-өкілдік орган құрылды.

Көркем Төртінші Филипп Бас штаттарды бірінші рет 1302 жылы жинады. Ол Рим папасы Сегізінші Бонифациймен кикілжіңге келіп қалды. Көркем Төртінші Филипп Рим папасына салық (контрибуция) төлегісі келген жоқ. Бас штаттар корольді жақтап, соның жағына шықты. Франция тағының жоғарылығын жариялап, мемлекеттік істерді король өз бетімен орындайтын болды. Францияның королі Рим папасының алдында емес, тек құдайдың алдында жауапты және соған тәуелді деп мәлімдеді. Рим папаларының жағдайы нашарлады да, оны 1308 жылдан бастап 80 жыл Авиньон деген қалада қамауда ұстады. Осы оқиғадан кейін "Авиньон тұтқыны" деген мәтел шыққан еді. Папалар енді Францияның короліне бағынатын болып қалды.

Бас штаттар корольге ақша керек жағдайда жиналатын болды. Король ерікті адамдар төлейтін салықты жаңартқан немесе өзгерткен жағдайда олардың келісімін сұрайтын. Сонымен, Бас штаттың маңызды функциясы өзара салық салумен айқындалды.

XIV-XVI ғасырларда Бас штаттардың өзгеше белсенділік танытқаны мәлім. XIV ғасырда Бас штаттар дофин Төртінші Карлмен дұрдараз болып, келіспей қалып отырды. Бас штаттар өз құқығын одан әрі кеңейткісі келді. Парижде басталған қолөнершілердің көтерілісі штаттарды жақта-ы. 1357 жылы штаттардың бастамасымен Ұлы наурыз Ордонансы қабылданды. Бұл Ордонанстың баптары бойынша салық жинау, ақша жұмсау, субсидия беру және оны бақылау Бас штаттардың билігіне өтті. Бас штаттар жиналып тұруға құқылы болатын. Бас штаттар шіркеу қызметкерлерінің, дворяндардың және қала ақсүйектерінің мүддесін қорғайтын. Әрбір таптың өкілдері мәжілістерін бірігіп өткізетін. Әрбір таптың жеке дауысы болатын. Сонымен, көпшілік дворяндар мен шіркеу қызметкерлері корольге қарыз беретін, есебіне король оларға қызмет орындарымен, дворяндық атақтармен марапаттайтын. Ақсүйек дворяндардан салық төлейтін дворяндар, қаржы және сот қызметкерлерінен шапан дворяндары пайда болды. Ақсүйектер оларға күлетін. Қала тұрғындары Бас штаттарға Рим құқығымен жақсы таныс адамдарды жібергенін дұрыс деп санайтын. Олар өздерінің депутаттарына жолдық ақшасымен қоса басқа шығарған ақшасын да төлейтін. Бас штаттың мәжілісі бітерде, депутаттар ездеріне берілген аманатты бірге жинап салыстыратын. Мәжілістің ашылуы мен жабылуы салтанатты түрде корольдің қатысуымен өтетін. Король штаттың мәжілісін шақыруға, ашуға және жабуға құқықты еді, содан басқа оның мәжілістері қанша уақытқа созылатынын да өзі белгілейтін.

Сот жүйесі. Король өзінің жерін кеңейту барысында феодалдардан сот функциясын тартып алды. Бұл жұмысты ол өзінің әкімшілігінде істейтін адамдарға тапсырды. 1357 жылы Ұлы Наурыз Ордонансы қызмет орындарын сатуға және сатып алуға тыйым салды, бұл орындардағы король штаттардың пікірін сұрайтын. Кейбір заңдарды шығарғанда король заң жобасы туралы да штаттардың пікірлерін білгісі келетін. Бірақ штаттардың негізгі қарайтын мәселесі салыққа қатысты шаруалар. Жаңа салықты енгізгенде король парламентті жинайтын. 1439 жылы Штаттар корольге тұрақты "талья" деген салықты жинауға келісімін берді. Басқа жаңа салықтарды да король тек қана штаттардың келісімімен жинай алатын. Бас штаттар корольге шағым-талап, өтініш беруге құқылы болды. Король әкімшілігін де сынай алатын Бас штаттар корольдің билігіне тікелей кірмейтін. Олар корольге керек шешімдерден бас тарта алатын. Бас штаттар тікелей корольге қарсы шыққан кездерде, король оларды жинамайтын болды. Мысалы, 1468-1487 жылға дейін король Бас штаттардың жиналыстарын өткізген жоқ.

Корольмен штаттардың арасындағы ең өткір шиеленіс 1357 жылы болып өтті. Үшінші сословиенің реформаларын "Ұлы Наурыз Ордонанс" деген құжатта бекітілді. Оның екінші бабында былай делінген: "Көмек-тер, субсидиялар, салық тек қана әскери істерге ғана жұмсалуды керек. Оны жинайтын және тарататын адамдарды бас штаттардың өздері тағайындауды керек". Бас штаттар Париж қаласында немесе Францияның басқа бір қаласында жылына екі рет жиналуға құқылы еді. Жиналу үшін корольдің

бұйрығы және басқа рұқсат берген қағаздары керек емес. Оның мәжілісінде соғыс, салық, мемлекет басқару мәселелері қаралады.

Әділеттік сот туралы да айтылған болатын. Корольге, парламентке, балы, прево және басқаларға қарсы істелген қылмыстарды сот қызметкерлері жылдам және әділетті қарауға тиісті. Сот процесі арзан болуы керек, оның жылдам өткені дұрыс, қылмыскерді ренжітпей, дұрыс сөйлесу керек. Прево, нотариустарды, виконттарды, хатшыларды, сот қызметіне жақын адамдардың қызмет орындарын сатуға болмайтын етті. Бұл орындарға жалақы алатын, жергілікті штаттар келісімін берген адамдарды ғана тағайындау керек екені айтылды.

Бас штаттарға сайланған депутаттардың императивтік мандаты болатын. Сайлаушылар оларға нұсқау беріп. Бас штаттардың мәжілісі жабылғаннан кейін депутаттар сайлаушылардың алдында есеп беретін.

XIII-XVI ғасырларда жергілікті сословиелік-өкілдік органдар пайда болды. Олар провинциалдық жергілікті штат деп аталды.

Орталық басқару органдары сословиелік-өкілдік монархия кезінде қатты өзгеріске түскен жоқ. Бірақ орталық басқару органдары енді жаңа саяси принциптермен құрылатын болды. Олардың әкімшілік билігі корольден алынған. Корольдің қызметкерлерінің ең күштісі – канцлер. Ол корольдің ең жақын көмекшісі, кеңсесін басқарады, корольдің жарлық-жобаларын дайындайды, сот қызметкерлерін тағайындайды, король жоқ кезде курияның мәжілісін басқарады.

Король курияның орнына Үлкен кеңес (1314-1497 жылдары) орнатты. Бұған легистер, ақсүйектер мен шіркеу қызметкерлері кіретін, ол айына бір рет жиналып, корольге ақыл беріп тұратын мемлекеттік орган.

Корольдің билігі күшейген сайын, бұл кеңестің құқығы азая берді. Ақыры ол өзінен өзі жойылып тынды. Бұның орнына король Күпия Кеңесін енгізді.

Жергілікті басқару. Прево мен балыилердің қызмет міндеті азайды, олар енді әскерді қрмайтын болды, бұл функция лейтенанттардың қолына көшті. Аз уақыттан кейін король балыждарға лейтенанттарды сайлауды дәстүрге айналдырды.

Жергілікті басқаруды орталықтандыру үшін король губернаторларды тағайындады. Губернаторға король лейтенанттың атағын берді, ол әскер қызметін басқарғысы келді. Кейбір жағдайларда оларды балыжға тағайындайтын болды. Сөйтіп олардың қызмет функциялары көбейді. XIV-ғасырда генерал-лейтенант деген лауазым пайда болды, оларға атақты дворяндар сайланатын. Оларға бірнеше балыж бағынатын. Қаражат мәселелерін санау палатасы қарады.

Әскер. XIV ғасырда феодалдық әскердің орнына дворяндардың бәрі әскери қызмет атқару керек деген заң шықты. Жүзжылдық соғыс кезінде барлық дворяндар корольдің әскеріне алынды. XV ғасырда король тұрақты жалақыға қызмет істейтін, өзіне тікелей бағынатын әскерді құрды. Бұл әскерге неміс және шотланд ұлтының өкілдері алынатын.

Сот жүйесі. Король сеньориаддық сот пен шіркеу сотының қызметін әлсіреткісі келді. Әкімшіліктен әлі бөлінбеген сот жүйесі өте күрделі, шиеленісті еді.

Ұсақ сот істерін прево, ауыр қылмыстарды бальи соттары қарайтын. XV ғасырда оларды лейтенант басқаратын. Бальи сотында уақ дворяндар, корольдің прокуроры, прево, бальи, лейтенанттар қызмет орнына корольдің ұсынысымен тағайындалатын. Сондықтан сот жұмысын лауазым иелері қадағалайтын.

Париж парламентінің рөлі жоғарылай түсті. Бірінші Франциск сот қызметкерлерінің орындарын 1467 жылдан бастап сататын болды. Бұл орындарды сатып алған адамдар оны мұрагерлік ретінде қалдыруға құқықты болатын. Сонымен, Парламенттің мүшелері өмірбойына сайланатын болды. Парламент феодалдық аксүйектердің жоғарғы соты, бүкіл сот істері бойынша жоғарғы шағым палатасы ретінде жұмыс істейтін. Париж парламенті корольдің шығарған актілерін бекітеді.

Жергілікті басқару органдары. Бальи, сенешал, преволардың орнына король губернаторларды тағайындайтын болды. Ол жергілікті аксүйектерден қойылатын. Оның негізгі қызметі - әскери билікті басқару. Губернаторлардың көмекшісі лейтенанттар. Олардың қарауында феодалдық гарнизондар, әскердің қарауы, қоймалар, артиллерия, бүкіл аммунициялары болатын.

XVI ғасырда француз ұлтының кейбір негізгі нышандары құрылып Гюлды. Француздардың дворяндары қалыптасты, олардың иерархиялық сатысында кейбір өзгерістер байқалды. Енді әрбір дворянның отбасы корольге жақын болғысы келді. Өйткені бұл жақындық оларға жеңілдіктер туғызатын. Дворяндар енді аксүйектер, пэрлер, атақты дворяндар, жай дворяндар деп бөліне бастаған еді. Бұдан басқа дворяндар негізгі екі топқа-сарайға жақын, астананың дворяндары және провинцияда тұратын дворяндар деп бөлінетін болды. Дворян атағы жеке мәртебеге айналды. Әрбір адам өзінің дворяндық атағын дәлелдеуге тиісті болды. Ол үшін ерекше комиссия құрылды. Дворяндар шапан дворяндар мен сапы дворяндарға бөлінді. XVIII-ғасырда шапан дворяндары 4000 адам болатын. Олар 25 жыл әскерде қызмет еткеннен кейін (шпага)сапы дворяндардың атағын алатын. Дворяндардың бәрі арасындағы айырмашылықтарға қарамай, жеңілдіктерге ие болатын. Олар дворяндық атақ алуға құқылы, белгілі киім мен құралдарға ие болатын. Салық төлеуден босатылатын. Сарай маңындағы жене шіркеудің жоғарғы органдарына сайлануға құқылы еді. Университеттерде, саяси мектептерде көбіне дворяндар оқитын. Бірақ абсолютизм кезінде олар жекпе-жекке шығу өзін-өзі басқару және басқа да құқықтардан айырылды.

Францияда шексіз монархияның қалыптасуы. Бүкіл Францияның халқы 15 млн. болса, бірінші сословиені 130000 адам құрайтын, бірақ олардың қолында бүкіл жер көлемінің бестен бірі жинақталған еді. Дін басылардың арасындағы қайшылықтар күшейе берді. 1516 жылдан бастап король шіркеу қызметкерлерін тағайындайтын құқықты қолына алды.

Шіркеудің жоғарғы қызмет орындарына ол өзінің дворяндарын отырғызды. Бұл орындар өте құрметті және бай болатын, Бірақ дін басылары да мемлекеттің күшті маңызды орындарына отырған болатын (мысалы, Ришелье Маза-рини). Жоғарғы екі топтың мүддесі ортақ болғаннан кейін олардың арасында мықты байланыс орнады.

Халықтың көбі үшінші сословиеге жатты. Бірақ халық бұқарасы біркелкі емес еді. Жоғарыда қаржы-қаражат қызметкерлері, саудагерлер, қала шеберлері, нотариус пен адвокаттар болатын. Шаруалар, қолөнершілер, қара жұмыс істейтін адамдар, жұмыссыздар төменгі дәрежені, үшінші сословиенің көбін шаруалар құрайтын. Капиталистік қарым-қатынастардың құрылуы олардың құқықтық жағдайларына өзгерістер енгізді. Олардың жеке міндеттері жойыла бастады. Шаруалардың арасынан бай фермерлер, капиталистік жалгерлер, шаруашылық жұмыскерлері бөлініп шыға бастады. Шаруалардың көбі ценз төлейтін цензитарийлерге жататын. Баналитеттердің бәрі сақталды. Сеньорлар шаруалардың жерлерінде бұрынғыдай аң аулауға құқылы еді. Салықтың көбін шаруалар төлейтін, осындай ауыр жағдайға шыдамаған шаруалар құралдарын сатып, бүкіл жанұясымен қалаға кетіп жатты. XVI ғасырдың ортасында Францияның көп жерлері корольдің билігіне бағынған болатын. Ол Еуропадағы ең ірі мемлекетке айналды. Капиталистік қарым-қатынастардың дамуы феодалдық қоғамның негіздеріне балта шапты. Францияның мықты, бір орталыққа бағынған мемлекеттік аппаратының құрылуы XVII ғасырда болды.

Капиталистік қарым-қатынастар нығайып, феодалдық сословиелік құрылыс ұшырағаннан кейін, шексіз монархия орнатуға жақсы жағдай туды. Феодалдар өздерінің жеңілдіктерін сақтап қалу үшін корольге деген сенімдерін арттырды. Қалыптасып келе жатқан буржуазия олі саяси билікке ие болған жоқ, бірақ күшею үшін корольді жақтап, одан көмек күткен болатын. XVI ғасырда Францияның ішкі жағдайлары корольдің билігін күшейтті. Король күресуші таптардың қарама-қайшылықтарын пайдаланып, дербестігін нығайтты.

Негізінде Франция үшін абсолютизм прогрессивті сипатқа ие болды. Король билігі Францияны біріктірді, жалпы француз ұлтының қалыптасуына ықпал етті, өнеркәсіп пен сауданың дамуына жағдай туғызды. Бірақ XVII-XVIII ғасырларда абсолютизмнің дамуы оның реакциялық негізін де көрсетті. Король тамыр-таныстық және меркантилизм саясатын жүргізді де, буржуазияның мүддесін қорғау мақсатын қойған жоқ. Ол күшінің бәрін феодалдық құрылысты қорғау үшін жұмсады. XVIII ғасырдағы терең дағдарыс калыптасқан феодалдық жүйені ыдырата бастады. Сот әкімшілігі жүйесі де елеулі дағдарысқа ұшырады. Бұл қайшылықтарды көрсету үшін король сарайының өмірін көру керек еді.

Шексіз монархия XV ғасырдың соңында қалыптасады. Оның қалыптасуына мынандай ірі саяси қызметкерлер, Францияның корольдері - Он екінші Людовик, Бірінші Франциск, Екінші Генрих белсенді рөл атқарғандары мәлім. Бірақ Францияның бірінші шексіз монархы Төртінші Генрих болды. Ол католиктер мен гугеноттардың арасындағы діни

соғыстарды тоқтатып, Францияда бейбітшілік пен тыныштық орнатты. Ол қолына толық мемлекеттік билікті жинады. Одан кейін шексіз монархияның қалыптасуын жалғастырған кардинал Ришелье. Ол Он үшінші Людовик мемлекетті басқарып тұрғанда қызмет істеген болатын. " Мемлекеттің мүддесі мен үшін ең жоғарғы игілік. Менің бірінші мақсатым-корольдің ұлылығы, екінші-корольдіктің құдіреті"-деген сөздер оның саясатын бізге түсінікті етеді. Негізінде, ол бірінші министрдің қызмет бабын орындаған қызметкер емес, Францияның толық әкімі болған адам. Ол феодалдарды корольге бағындыру үшін олардың сарайларын құртты, жекпе-жекке тыйым салды, дворяндардың атағын сатылатын етті. Ришелье Францияның енеркәсібін дамыту үшін және қорғау үшін бірталай шара қолданды. Мемлекеттік аппаратқа және корольдің сарайына да көп күш жұмсады.

Абсолюттік монархияның негізгі органдары-король және оның сарайы. Мемлекеттің пайдасының жартысы корольдің сарайына жұмсалды.

Жоғарғы саяси билік корольдің қолына толық жинақталды. Ол билігін ешкіммен бөліскен жоқ. Корольдің жанындағы Кеңестер. Корольдің жанындағы мемлекет Кеңесінің құрамы 6 адамнан 23 адамға дейін. Оған ақсүйектер, ірі феодалдар, корольдің жақын адамдары кіретін. Бұл кеңестің мүшелері уақыт өткеннен кейін абсолюттік монархияның министрлеріне айналды. Людовик-14 мемлекетті басқарған кезде мемлекеттік Кеңеске тек 6 адам кірді, олар мәжілісін тұрып өткізетін. Бір-бірімен орынға таласпау үшін король осындай тәртіпті енгізген болатын.

Жоғарғы Кеңес. Шет елдермен және әскери қызметімен байланысқан мемлекеттік кеңесшілер мен хатшылар осы кеңеске кіретін.

Үлкен Кеңес. Үлкен Кеңес герцогтер, пэрлер, министрлер, мемлекеттік хатшылар, мемлекеттік кеңесшілерден тұратын. Бұл Кеңеске канцлер де кіретін. Бұл Кеңестің негізгі қызметі заңдардың жобасын талқылау, әкімшілік актілерді шығару, сот істерін атқару.

Құрамы заңгерлер мен хатшылардан тұратын. Король істердің көбін парламенттен шақыртып алып, осы кеңесте қарайтын етті. Кабинетке сот басқармасының төрағасы - канцлер, Париж Парламентінің Бас прокуроры, Бас адвокат кіретін.

Орталық органдар көбейіп, күрделі жұмыстарды орындайтын болды. Бюрократиялық және бір орталыққа бағынған органдар құрылды. Бұрынғы мемлекеттік органдардан тек канцлер сақталды. Ол корольден кейінгі мемлекеттің екінші адамы болып есептелді. Мемлекеттік хатшы қызметі түрлі саланы қамтитын (әскери қызмет, теңіз істері, отарлар, ішкі істер, корольдің сарайын басқаратын), Он алтыншы Людовик корольдігі кезінде мемлекеттік хатшылар корольге өте жақын болатын, шенеуніктер ретінде оның жеке қызметін істейтін. Мемлекеттік хатшының міндеттерін кеңейткеннен кейін орталық аппарат көбейіп, төрешілдікке әкеліп соқты. Мемлекеттік хатшылардың қызметі барған сайын ұлғайып, олардың көмекшісі деген қызмет орны құрылды. Оларға көмек беретін бюро секцияларға бөлінетін. Шенеуніктердің арасында иерархиялық тәртіп те орын алған еді.

Қаржы мәселелерін бас қаржы палатасы және акциздерді жинайтын палаталар қарайтын. Олар экономикалық саясатты басқарып, мемлекеттің бюджетін жүргізетін. Бас бақылаушылардың үлкен аппараттары бола-тын.

XVI ғасырда Францияның корольдері шіркеуді өздеріне толық бағындырып алды.

Сот. Сот жүйесі өте күрделі және атам заманғы болатын. Сеньориалдық соттар сақталды. Шіркеу соттарымен қатар коммерциялық, банк, адмиралтейлік және басқа соттар құрылған болатын. Корольдің соттарына бальяждардағы, қалалардағы соттар және Париж қаласындағы парламент жататын.

Парламент. Парламент мемлекеттік істерді қарай алмайтын болды. Оның орындары сатыла бастады. Парламент реконструкция құқығын жоғалтты. Он төртінші Людовик мемлекетті 54 жыл басқарып, Париж парламентінің реконструкция құқығын тоқтатқан болатын. "Мемлекет дегеніміз мен" деп айтылған сөздері осы парламенттің жұмысына байланысты. Парламент реконструкция құқығын пайдаланған жағдайда, король өзі парламентке келіп, осы сөздерді айтқан болатын. Содан кейін Парижде парламенттің наразылығы тоқтады. 1673 жылдан бастап Париж иарламентінің құқығы шектеліп, реконструкция қызметін істемейтін болды. 1614 жылдан Францияның корольдері қоғамдағы орнын көрсету үшін біз құдайдың қайырымдылығындамыз деген мәтел шығарды. Барлық биліктердің қайнар көзі – король. Оның билігін және қызметін ешкім бақылай алмайды. Король заң шығарады, "бір король-бір заң". Король мемлекеттің және шіркеудің жоғарғы қызметкерлерін өзі тағайындайды. Мемлекеттік басқару мәселелерді шешкенде ең соңғы тұжырымды билікті ол айтатын. Францияның королі маңызды сыртқы саяси мәселелерді жеке шешіп, экономикалық саясатты белгілейтін, салықты кіргізетін, ақшаны жұмсайтын, мемлекетті өзінің атынан басқаратын.

Жергілікті басқару бюрократтық бір орталыққа қарату негізіндегі принциппен құрылды. Франция провинциялар мен округтерге бөлінді. XVI-ғасырдан бастап губернаторларда да тағайындалатын болды. Олардың қызметтері көбіне әскери міндеттермен шектелуші еді. 1535 жылдан округтерге комиссарларды жіберетін болды, олар интендант деп аталатын еді. Олардың билігі өте күшті болатын, олар корольдің өзіне немесе оның бірінші министріне бағынатын. Интеиданттар полиция, юстиция және қаржы мәселелерін шешетін. Олардың орындары сатылмайтын, сондықтан орталық биліктен тәуелді екені түсінікті. Интенданттар жергілікті органдардың бәрін бақылайтын, олардың негізгі қызметі – салық жинау. Жанама салықтарды жинайтын адамдар бұл қызмет орындарын сатып ала алатын.

Әскер мен полиция. Он төртінші Людовик әскерге солдаттарды шегелден алмайтын етті. Оның әскері тұрақты әскерге жататын. XVII ғасырда әскерде 46 жаяу, 28 атты полк болатын, әскерлердің үштен бір бөлігі жалдамалы болды. Солдаттар үшінші сословиеден жасақталды. Офицерлер болса, бұрынғыдай тек дворяндардан алынатын. Офицерлердің орындары

бұрынғыдай сатылатын еді. Францияның әскері бүкіл Еуропаның ен, мықты және үлкен әскерлері ретінде саналатын.

Полиция. Полицияның жоғарғы құрамына генерал-лейтенанттар, төменгі бөлімдеріне атты полиция, Париж полициясы кірді.

Шексіз монархия тек зорлық пен күштеу әдістерін қолданды. Мемлекеттік аппаратта коррупция, пара алу, бір-бірін күндеу заңды жағдайлар болатын. Мемлекетті талантсыз адамдардың басқаратынын бәрі білді. Корольдің сарайы Францияның ұлттық байлығын өзіне жұмсады, ал халықтың жағдайы ауырлай берді. Мемлекеттің ең жоғары орындарында ақсүйектер отыратын, байлар мен жалпы буржуазия өзінің наразылығын білдіре бастады. Король олардың мүддесін қорғаса да, бірінші орында феодалдар болатын, ал екінші орында біржуазия топтары тұрды.

Король билігін сынға алушылар қатарында буржуазияның ағартушы қызметкерлері тарихтан белгілі: Вольтер, Монтескье, Руссо есімдері.

АНГЛИЯДАҒЫ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Ағылшын-сактарда феодалдық қатынастардың қалыптасуы. Ағылшын-сактар мемлекеттерінің басқару жүйесі. Норман жаулап алушылығы және оның XI-XIII-ғасырдағы Англияның мемлекеттік-қоғамдық құрылысына тигізген әсері.

Бірінші ғасырдың ортасынан бесінші ғасырға дейін қазіргі Британия жерінде кельт тайпалары мекендеген еді. Юлий Цезарь заманында бұл арал Британия деп аталды. Римляндар бұл жерлерге келгенде материктің оңтүстігінен қоныс аударған тайпалар осында мекендеп қалған болатын. Римляндар келместен бұрын олардың осы аралда тұрғанына үш жүздей жыл болған. Римдер Британияны жаулап алғаннан кейін өздерінің бай, тіршілікке қолайлы өміріне жылдам үйретті. Олар бұл кезде христиан дінін жартылай қабылдаған болатын. Сонымен бұл тайпалар римдіктердің билігіне түсті.

Рим легионерлері 407 жылы арадан кете бастаған кезде олардың орнына германдық тайпалар: англдар, сакстер, юттер Ютландиядан жаппай қоныс аударды. Жергілікті халықтың оларға қарсы болуы да заңды, себебі келген адамдар варварлар және мәжусилер болатын. Бірақ осы жергілікті халықтың тайпалары туралы, олардың қоғамдық құрылысы мен өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер өте аз, жоқ деуге болады. Бриттер малмен айналысқан халық, олардың үйлері бір-бірінен алыс орналасқан болатын, ірі қара малдың жайылымына көп жер керек болғандықтан, үйлерінің арасындағы аралық та кең еді. Ал англо-сактар бір жерге жиналған елді мекендерде тұратын.

Алғашқы кезде германдарды келтіретін тайпа көсемдері сарбаз ретінде жалдап алатын еді. Одан кейін олар Британияның жерлеріне тайпаларымен

көше бастады. Герман жаулап алушылары уақыт өте келе Англияның жерінде өздерінің варварлық жеті корольдігін құрды. Олар Кент, Нортумбия, Мерсия, Уэссекс, Сусекс, Эссекс, Шығыс Англия еді. Бұл корольдіктер бір-бірімен кезекпен соғысып жататын. Жеңген корольдіктің басшысы басқа корольдіктерден әскери көмек және салық алуға құқылы болатын.

Жетінші ғасырда олар бүкіл Британияны жаулап алды. Ал кельттерді Британияның солтүстік және батыс жағына ығыстырып, көбін құртты. Кельттер өздерінің тәуелсіздігін тек қана солтүстікте (Шотландия) және батыс жағында (Уэльс) сақтап қала алды. Басып алған үстем топтың бағынышты адамдары ретінде кельттердің қалған жартысы германдарға салық төлеп, олардың құлдарына айналған еді. Соңында олар герман тайпаларымен ассимиляцияға ұшырап, араласып кетті.

Қоғамдық құрылысы. Британияның қоғамдық құрылысы Галлияның құрылысына ұқсас, бірақ феодалдық қоғамның құрылу жолы өте баяу және кеш өтті. Феодализм жаңа құрылып жатқан кезде кельттердің көбі жеке басы бос шаруалар болатын. Олар керл деп аталатын бір қауым құрды. Керл-жер иеленуші, ол малмен немесе қолөнермен айналысатын, үлкен жанұяны басқарады. Отбасы бірнеше ұрпақтан, ондаған туысқандардан тұратын. Осындай жанұя басшысы үйдің мүлкін басқарады, өзінің туысқандарын соттайды және дін әдеттерін өткізеді. Ерікті қауым мүшелері халық жиналысына қатысты, ол жиналыс соғыс және бейбітшілік, салық төлеу, көсемді сайлау, сот және шаруашылық мәселелерін шешетін. Олардың қарулануға және халық әскеріне қатыуға құқығы болатын.

Қоғамның және бір бөлігін рудың "эрл" деп аталатын, ақсүйектері құрайтын, оларда бірнеше ірі жер үлестері болатын. Ол жерде колондар мен құлдар жұмыс істеді. Ақсүйектерге одан басқа корольдің қасындағы адамдар және оның әскери адамдары жататын.

Ерікті адамдардан басқа тәуелді адамдардың да бір тобы болатын, олар "литтер" деп аталатын еді. Бұлар құлдарға немесе колондарға ұқсас.

Қоғамдық жағдайларының ерекшеліктерін Кент шындығы көрсетеді (VI-ғ). Төленетін айыптың мөлшері былай белгіленеді: литті өлтірген үшін-600 шиллинг, корольдің жанындағы сарбаздар мен министериал үшін-600 шиллинг, эрл үшін-400 шиллинг, керлге-200 шиллинг, лет үшін (колон)-40-80 шиллинг айыппұл төлейтін.

Англияда көршілік қоғам құрылған кезінде жер үлестерін былай тарататын еді: бір қауымның жерлері бірнеше алқаптан тұратын. Әрбір адам бірнеше жерден үлес алатын, алған үлес оның қоғамдық жағдайына байланысты болушы еді. Бір үлес гайда деп аталады, ол 50 гектардай жер. Бұл аланды жегілген сегіз өгіз жыртады. Эрлдардың жері-40 гайд, литтер 20 гайд, корольдің қызметкері 100 гайд алған кездері де болатын. Бұл меншіктен басқа қауымның жалпы меншігі - ол жайлау және басқа жерлер болды.

Бірақ әрбір отбасының жеке меншігі дамығанымен керлдердің арасында теңсіздік туа бастады. Олардың біреулері жергілікті және жеке тәуелсіздікке түсіп, екіншілері байып, қорольмен тіл табысып кетті. VII-VIII

ғғ. король өздерінің жақын адамдарына бок деген жеке қағазбенен жерлерді бере бастады. Бұндай жолмен алынған жер бокленд деп аталды. Бокленд ұстаушылар жерді өмірбойы жан бағу үшін пайдаланатын. Оны мұраға қалдырып, одан салық төлемейтін. Бокленд ұстаушылар глафорд, соңынан лорд деп аталды. Бұл сөз сеньор, мырза деген мағынаны білдіреді. Кедейленген керлдер осы глафордтардың бағынуына түсетін.

Біраз уақыт өткеннен кейін король фирма деп аталатын салық жимайтын болды. Англияда фирманы бүкіл ерікті шаруалар төлейтін еді, ал салықты гайдтар төлейтін. Бірақ, бокленд ұстайтын адамдар салық төлеуден босатылды, оларға жеңілдіктің бірнеше түрі берілген еді. Корольдер сыртқы саудадан да салық алатын, сыйлық ретінде де оларға көп нәрсе өсіретін.

VII-VIII ғасырларда Англияда рулық қоғамның және құрылыстың нышандары жойыла бастады. Рулық теңік, тәуелсіздік, көмек бұзылды, ерте мемлекет құрыла бастады, бірақ әскери демократияның нышандары әлі сақталып тұрды.

597 жылы ағылшын-сакстерді христиан дініне енгізу процесі басталды. Ол көпке созылып, VII ғасырдың соңында аяқталды деп санауға болады.

Сегізінші ғасырдың екінші жартысында Скандинавияда таптың құрылу процесінің жылдам дамуына байланысты оның халқының сыртқа шығуы күшейді. Олар субрегионның шекарасының сыртына шыға бастады. Бұл кезеңді "викингтердің кезеңі" деп атайды (793-1066). "Скандинавтар", "варягтар", "нормандар" атауларының әрқайсысы маңызды. Олар Солтүстік Атлантиданы, Британияны, Солтүстік Францияны, Оңтүстік Италияны, Сицилияны, Солтүстік Американы басып, қоныстану өмірін бастады. Викингтердің кезеңі феодализмнің даму процесін күшейтті. Оларды бай мемлекеттердің алыстығы тоқтатқан жоқ. Викингтер ер жүрек, жақсы балық аулаушылар болатын. Өздерінің әскерлерін кеме және ледунгтен құратын. Бір кемеңі жинау үшін олар бонд деп аталатын кемелік округтерді құратын. Әрбір бонд бір кемеңі дайындайды және кемеңі су-мен, азық-түлікпен жабдықтап, оған тірі мал, ат, әскер береді.

Сегізінші ғасырда викингтер (даттар, норвегтер, шведтер, голландтар) Англия жеріне шабуыл жасады. 866 жылы олар Йорк, Лондон, Рочестр және басқа қалаларды басып алып, көптеген елді мекендерді құртты. Христиан дінінің қызметкерлерін өлтіріп, өздерінің мәжуси дінін қайтарғысы келді. Викингтер басып алған жерлерде отыршылыққа көшті, от бастарын көшіріп әкеліп, өздерінің төртіптерін орнатуға ұмтылды. Жергілікті халықты өздеріне салық төлететін етті, ол салық "даттардың ақшасы" деп аталатын.

Ағылшын-сакстердің Ұлы Альфред деген королі (871-900) нормандардың шабуылын тоқтатып, Англияны олардан тазарта бастады. X ғасырда Англия қайтадан бірігіп, бір орталыққа бағынатын болды.

Англия өзінің флотын ұйымдастырды. Онда 100 шақты кеме бар еді. Басқа әскерлерді де қалпына келтірді. Ірі феодалдар (бес гайда жерлері бар) атты әскерді құрды. Олардың темір қарулары және бірнеше жаяу әскері

болатын. Англияның бірінші жалпы заңдарын Ұлы Альфред шығарды. Ол "Альфред корольдің шындығы" деп аталатын.

Англияда ерте-феодалдық монархияның мемлекеттік құрылысы

Ағылшын-сакстердің Британияны жаулап алуы көптеген өзгерістерге алып келді. Олардағы тайпалардың демократиялық органдары мемлекеттік органдарға айналды. Бірақ Англияның саяси ұйымында ежелгі кезеңнің көп элементтері сақталып қалды.

Король. Корольді феодалдар сайлайтын және ол бірінші әскери басшы болып саналатын.

Король бейбітшілікті қорғаудың кепілдігін беретін адам. Ол әскери және діни функцияларды атқаратын еді. Король жоғарғы сот қызметін де озы қолына ұстайтын болды. Содан кейін ол ақша соғу құқығын иеленіп, жұрттан салық жинайтын. Қауымдардың арасындағы қайшылықтарды шешіп, феодалдардың арасындағы жанжалдарды қарайтын болды.

Корольдің сарайы мемлекетті басқаратын орталыққа, ал корольдің сарбаздары мемлекеттің қызметкерлеріне айналды. Жоғарғы қызметкерлердің арасында ең жоғарғы лауазым - корольдің қазына ұстаушы адамы мен капеллан. Капеллан кеңсеге жауапты кісі.

Король билігінің қаржы негізі де нығайды. Өзінің жеке жерлерінен алған өнімнен басқа оған "фирма" деген салықты бәрі төлейтін, содан басқа дат ақшасы, тауарларды мемлекетке кіргізгені үшін салық, IX-ғасырдың ортасынан нарық, қалалар, таразы сияқты салықтар төленетін. Осы салықтардың көбі натуралдық салыққа жататын. Одан басқа шаруалар оскерде қызмет істеп, олар жол, көпір және бекініс салуға тиісті болды.

XI ғасырдың ортасында корольдің билігі күшейді. Оған әрбір адам, ақсүйек қарсылық көрсеткені үшін мемлекеттен қуылатын немесе өлім жазасына кесілетін. Екінші жағынан король билігінің күшейгені феодалдық қарым-қатынастарды да нығайтты. Сауда дамыды. Англиядан көмірді басқа мемлекеттерге апаратын болды. Оның жоғары сапалы жүні, тұз, киім, қымбат тастардан істелген бұйымдар, сүйектен істелген нәрселер шетелге сатылатын. XII ғасырда қалалар салына бастады.

Ағылшын-сакстың корольдері магнаттардың кеңесін жинайтын еді. Бұл кеңес уитнгемот-ақылдылардың кеңесі деп аталды. Оның анық функциялары болған жоқ. Уитнгемотқа король жұбайымен, ер балалары мен епископтер, ірі феодалдар кіретін. Ол бейбітшілік пен соғыс мәселелерін қарап, жоғарғы қызмет орындарға тағайындайтын, салық белгілейтін және киідарды талқылайтын. Корольдің ең тұрақты қызметі - сот процесіне қатысып сот істерін шешу. Осы кеңес корольдерді сайлайтын болды. IX ғасырда уитнгемот сақталды, бірақ оған король тәндерді шақыратын. Кеңес корольдің құқығын шектеді, тақ мұрагерлігіне кірісті.

Ерте-феодалдық Англияның ерکشеліктерінің бірі корольдің күшті билігімен қатар бір орталыққа бағынған жергілікті басқару мен қауымның өзін өзі басқаруының сақталуы еді. Сонымен қатар король тағайындайтын қызметкерлер болды. Елді мекендерде жалпы жиындар (сход) сақталды.

Оларды староста басқаратын. Енді сол жиындар да мемлекеттің қаржы жинайтын ең төменгі бөліміне айналды. Әрбір жүздіктің жиналысында ең маңызды қызметтер жергілікті ірі жер иеленушілерге 12 аға "тэндерге" берілді. Графтіктерде жиналыстары жүздіктердің өкілдерінің жиналыстарына айналды. Графтіктерде сот және әкімшілік функцияларын корольдің өзі тағайындаған шериф басқарды.

Жергілікті басқару. Англия графтіктерге бөлінді, ал олар өз кезегінде жүздікке бөлінетін еді. Графтіктерде король уитандардың келісімімен элдормендерді жіберді, ол сол жерден жиналған әскерді басқарды. Одан басқа корольдің өкілі – шериф, министериал, ол округті және қалаларды басқаратын.

Элдормен өздерінің міндеттерін графтіктердің жүздіктер жиналыстарымен қатар атқаратын. Бұл жиналыстарға ерікті ер адамдар қатысушы еді. Жиналыс шаруашылық мәселелерін, ұсақ қылмыс және азаматтық істерін қарайтын. Сонымен, оларды сот және әкімшілік органдарға жатады деп айтуға болады.

Халық әскерінің де рөлі жоғары болды. Бірақ Гастингстегі соғыс әскер саласына реформа керек екендігін көрсетті. Король әскерінің негізі - өзінің сарбаздары. Олар әскердің басшылық ететін таңдаулы тобын құратын. Халық әскерін құру үшін қару қолдану қолынан келетін ер адамдардың бәрін әскерге жазды. Әрбір графтікке солардың жартысын әскерге жіберетін. Ал екінші жартысы үйде қалып шаруашылықпен айналысты. Бұдан басқа әрбір графтік бір кеме жабдықтауға тиісті болды.

Сот. Мемлекеттің жоғарғы соты – корольдің соты. Ол мемлекетке қарсы істелген қылмыстарды және жермен байланысты таластардың бәрін қарайтын. Жергілікті соттарды элдормен басқаратын, бұл графтік соттары, ол корольдің юрисдикциясынан басқа бүкіл қылмыстық және азаматтық істерді қарайтын. Жүздіктің соттары шығарған шешімдерге шағым арыздарды тексерді.

Англияда феодализм процесінің нығаюына христиан шіркеуі әсерін тигізді. Христиан дінімен бірінші танысу III ғасырда басталған, ал 664 жылы Уитби соборында христиан діні рим-католиктер түрінде бүкіл елдің ресми діні болып жарияланды. Содан бастап король, феодалдар, шаруалар шіркеуге жер сыйлап, көмегін берді, шіркеу өзінің ұйымдастыру жұмыстарын бастады. Шіркеу приходтарын, епископтардың диоцездерін құрастырды. Сонымен қатар шіркеу салығын кіргізді, шіркеу құқығы дами бастады.

Англияның соңғы ағылшын-сакс королі Эдуард Исповедник 1066 жылы қайтыс болғаннан кейін таққа бірнеше адам дәмеленді. Солардың арасында Нормандияның герцогі Вильгельм де болды. 1066 жылы қыркүйек айында ол өзінің бүкіл Франциядан жиналған 5000 әскерімен (соның ішінде 2000 ауыр қаруланған әскерлер) Ла-Манштың жағасында жиналды. Олар 700 кемемен Англияның жеріне келіп, Гастингс деген порттың қасында ағылшын-сакстердің шаруалардан құрылған әскерін жеңді де, 1066 жылдың соңында Вильгельм Вестминстер қаласында Англияның Бірінші Вильгельм

деген королі болып жарияланды. Астана қақпаны Вильгельмге ашқаннан кейін уитангемот оны король деп жариялады. Нильгельм Эдуард корольдің жақсы заңдарын толық сақтаймын және колданамын деп ант берді және өзін соның ұрпағымын деп дәлелдеді.

Сеньориалдық монархия

Феодалдық Англия тарихының басқа Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда ерекшеліктері көп болатын. Вильгельм Жаулап алушы Англияны басып алғаннан кейін, өзіне бағынбаған феодалдардың жерлерін тартып алды да, қарсылық көрсеткендерін жойып отырды. Олардың жерлері Вильгельмге және оның барондарына көшті. Вильгельмнен жер алған адам оның вассалына айналды. Ал ол жерді тікелей корольден алатын. Вильгельм жер саясатын өте ақылды жүргізді: феодалдарға берген әрбір жер үлесі бір алқапты құрмайтын, берген жері бірнеше ауданда болды. Сондықтан норман феодалдары жергілікті ағылшын-сакстерге қарама-қарсы тұрғаннан кейін король билігінің күшті болғанын қалады. Ағылшын-сакстардың шаруалары нормандарға көп уақыт қарсылық көрсетті, сондықтан олар бірігіп жүруге тиісті еді. Вильгельм бүкіл елді бағындырғаннан кейін, ағылшын-сакстің ақсүйектері нормандардың барондарына бағынуға мәжбүр болды, ал ағылшын-сакстердің епископтерінің орнына Францияның нормандарын қойды.

Вассалдар корольдің әскеріне қызмет көрсетумен бірге ақшалай да салық төлейтін. Осындай жағдайлар корольдің билігін күшейтті. Мұнан бөлек король тәркіленген жерлерді жетіден бір бөлігін өзіне қалдырды. Вассалдар байлығын онымен салыстыруға болмайтын еді.

Жаулап алған уақыттан жиырма жыл өткеннен кейін Вильгельм бүкіл халықты, жер үлестерін, мал санын және қаруды санақтан өткізді. Бұл халық санағы "Қауіпті сот кітабы" деп аталды. Осы кітап бойынша жаңа салық енгізілді. Жеке бостандығы бар шаруалардың көбі тәуелді шаруаға айналды. Ерікті шаруалар халықтың 12 процентін ғана құрайтын еді.

1066 жылғы шабуыл Англияның ұсқақ аудандарға ыдырауын тоқтатып, шек қойды. Тек корольдің өзі қойған шерифтер, эддормендер, полиция қызметкерлері жергілікті істерді шешетін болды, олар барондарға билік берген жоқ.

Жоғары қаржы ведомствосы "Шахмат тақтайы палатасы" деп аталатын. Ол салық жинап, мемлекеттің қаржысын тарататын. Бұл органның бұлай аталуының өзіндік себебі бар. Мемлекет жинаған темір ақшанытгор сызықты дастарқан жайылған столға қоятын еді, келген ақшаны ақ торға, жұмсалатын ақшаны қара торға бөлетін. Сондықтан қаржы жинайтын және бөлетін орган "шахмат тақтайы палатасы" деп аталды.

Король өзінің сот билігін де күшейтті. Бұл өзгерістер Генрих екінші істеген реформалармен тікелей байланысты (1154-1189). Ол әскери, сот және қаржы реформаларын жасады. Жалпы алғанда, бұл реформалар ірі феодалдардың және шіркеудің жағдайларын әлсіретті.

Сот реформасы. Жер таластарын қарау үшін жаңа сот процесін енгізді. Енді ерікті азамат ақысын төлеп, мүлік жөніндегі таластарды корольдің

жоғары сотына беруге құқық алды. Корольдің сотында ордалия деген сынау қолданылған жоқ. Істі тергеу куәгерлердің айтқан сөздерімен өтті, олар ант беретін. Қылмыстық істерді жаңа тәртіппен қарайтын болды. Бұл тәртіп ант беруші соттың негізін құрды деп айтуға болады. Бұл сот былай өтті: жеті жылда бір рет әрбір графтікке астанадан көшпелі сот келетін. Олар 12 адамды (рыцарьлар немесе бай шаруалар) өздеріне шақыртып, осы округте кім қандай қылмыс істегенін сұрастыратын еді, қылмысқа кінәлі адамдарды атауға тиісті екендігі ескертілетін. Ант берген адамдарды кейбір кезде айтқан шындығы үшін өлтірген жағдайлар да кездесетін. Олардан кек алу да болатын. Көшпелі сот келеді деген хабарды естіген халық орманға тығылып, олардың кеткенін күтіп отыратын жағдайлар да кездесетін еді.

Ант бергендердің айтқанымен сот өзінің үкімін шығарады. Қылмыс туралы жұрттан сұрастырып, олар бәрін өздері анықтауға міндетті болатын. Сонымен, ант берушілер куәгерлерден сот қызметкерлеріне айналды. Бірақ істелген қылмысты дәлелдей алмай жатса, олар антпен сынауды қолданатын. Сотқа тартылған адам ант берген сотты немесе жекпе-жекті өзі тандап алады. Осындай көшпелі соттар "Король отырғышының соты" деп аталды. Бұл сот "Әділетті соттың бірден бір қайнар көзі бар – бұл корольдің өзі" деген принциппен жүргізіледі. Жаңа енгізілген тәртіп істі әділетті қарауға жағдай туғызды және ол жергілікті соттарды бақылау үшін тиімді әдіс болып табылды. Уақ және орта жер иеленушілер өздерінің істерін осы соттарда қаратқанды тәуір көретін.

1116 жылы Кларендон ассиз бойынша соттың және шерифтердің құқықтары бекітілді. Бүкіл мемлекет 6 округке бөлінді, әрі округке 3 сот қызметкері тағайындалды. Олар сот қызметін атқара отырып, жергілікті қызметкерлердің ісін және салық жинауын тексерді. Адам өлтіру, тонау, жалған ақша басу, өртеу және осы қылмыстарды орындауға көмек беру істерін көшпелі сот қарайтын. Бұл сот сонымен бірге уақ феодалдардың корольге берген шағым қағаздарын қабылдайтын.

XII ғасырда канцлердің ведомствосынан сот органдары да бөлінді, олардың арасында ең маңыздысы-Корольдің Жоғары соты. Оны жоғарғы юстициарий басқарды.

Астанада бұл сотпен қатар жалпы істер соты құрылды. Ол жалпы айтыс-тартыс соты деп аталатын, бұл тұрақты сотқа жататын. Ол Лондон қаласында ғана мәжілісін өткізді, мәжілісіне король қатыспаса да өткізуге құқығы болды.

Сот реформаларының бәрі жинақтала келіп, жалпы жүйесін құруға жағдай туғызды.

Генрих әскери реформаларды да жүргізді. Ол феодалдарға бағынбайтын жаңа әскер құрды. Король жаңа салық енгізді, ол "қалқан ақшасы" деп аталды. XII ғасырға дейін әскердің үлкен тобын халық әскері құрайтын. Қару қолдану қолынан келетін ерікті ер адамдардың барлығы да ескерге қатысуға міндетті болды. Ол әскерді барондар басқарғандықтан, белсенді рөл солардың қолында болатын. Екінші Генрих барондардың рөлін төмендету үшін, әскерді тікелей өзіне бағындыру үшін, феодалдардың бәріне

"қалқан ақша" телетті. Сол жиналған қаржыға король жалдаған әскерді ұстады, бұл әскер рыцарлерден тұратын. Бұдан басқа рыцарлардан ағылшын-сакстердің халық әскерін ол өзіне қаратқысы келді. Сол үшін ол мемлекеттің ерікті адамдарының бәріне әскери міндет енгізді. Феодал, шаруа, қала тұрғындары өзінің қоғамдық жағдайына сәйкес қарулануға тиіс, бірақ жалпы әскердің барлығы мемлекеттің қазына ақшасымен ұсталды. Екінші Генрих жүргізген әскери реформалар корольдің өзіне бағынған әскердің санын көбейтіп, ірі феодалдарды әскер басқарудан ығыстырды. Сонымен жоғарғы атқару, сот, қаржы органдары болды. Бұл курияға әскерді басқаратын адам-маршал, король мүлігін басқарушы және басқа да қызметкерлер кіретін. Ең маңызды, күрделі мәселелерді қарағанда ғана король курияға ірі шіркеулердің қызметкерлерін шақыратын болды. Сот палатасы - Корольдің отырғыш соты, қаржы палатасы – Шахмат тақтасының палатасы, ол қаржы жағын басқаратын. Оның төрағасы қазынашы болды.

Король жергілікті басқаруды нығайтып, шерифтер мен бэйлифтерді тағайындайтын болды. Бұл қызметкерлер корольдің алдында барлық басқару функциялары үшін жауапты еді. Көшпелі соттар да корольдің билігін күшейту үшін бірталай қызмет атқарып отырды. Ол тек сот істерін қараумен шектеліп қалмай, жергілікті органдарды да бақылайтын. Мемлекет графтіктерге, жүздіктерге және қауымдарға бөлінді. Корольдің әкімшілігін графтіктерде шерифтер басқаратын. Олардың қолында сот, әскери, қаржы және полиция билігі болатын. Шерифтер өздерінің қызметтерін жүздіктердің және графтіктердің жиналыстарымен бірігіп жүргізетін.

Англиядағы сословиелік-өкілдік монархия

Жоғарыда әнгімеленген саяси жүйеге XIII ғасырда сословиелік-өкілдік жиналыстар қосылды. Бұл жиналыстардың арқасында дворяндар, шіркеу қызметкерлері және қала тұрғындарына бөлінетін үш сословиенің мемлекетті басқаруына жол ашылды. Ірі феодалдар жергілікті күшті билігін жоғалтса да, енді өкіметке осы жиналыстар арқылы әсерін тигізуге мүмкіншілік алды. Шаруалар және қала тұрғындары бұл жиналыстарға көбіне қатыспайтын еді.

XIII-ғасырда тауар-ақша қарым-қатынастарының дамуына орай ішкі нарық пайда болғаннан кейін, қоғамдық күштердің арақатынасы корольдің күшеюіне және мемлекетті бір орталыққа бағындыруға алып келді.

Ірі феодалдардың және жер иеленушілердің арасында әлсірегендері көбейе берді. Графтар мен барондар ерікті шаруалардың көбін өздеріне бағындырып жатты. Феодалдық рентаны көбейтіп, қауым жерлерін шаруалардан өздеріне тартып алуға тырысты. Шаруалардың салық төлеу сияқты жеке міндеттері де болатын. Міндеттерін орындамаған жағдайларда, король олардың жерлерін тартып алушы еді.

Натуралдық шаруашылықты тауарлық шаруашылық ығыстыра бастады. Қала мен ауылдың арасындағы қарым-қатынастар өзгеріп, феодалдар натуралдық салықты ақша салығына көшірді. Жерсіз қалған шаруалар өздеріне басқа жерден жұмыс іздеп, тентіреп кетті. Қоғамдық

құрылыста да өзгерістер аз емес еді. Нормандық және ағылшын-сакстық феодалдардың арасындағы айырмашылық бұрынғыдай емес, біртіндеп жойыла бастады. Феодалдардың бәрі жалпы мүддесін қорғау үшін бірігіп жатты. Үстем таптың өз арасында топтық саралау басталды. Олар ірі феодалдарға, рыцарларға, ұсақ феодалдарға бөлінді. Рыцарлар графтіктердегі ықпалды күшке айналды. Енді жер иеленушілер жалдамалы еңбекті қолданатын болды. Бұл процесс шаруалар қауымын ыдыратты. Кедей және үйсіз жүрген адамның саны кебейді де, қанау процесі күшейе түсті.

Сословиелік-өкілдік монархияның мемлекеттік құрылысы. Корольдің қуатты билігі және бүкіл басқару органдарын бір орталыққа бағындыру **процесі** деспотизмге жол ашты. XIII ғасырда Ұлыбританияда король билігін шектеу үшін өте күшті қозғалыс пайда болды. Мұны басқарған барондар мен рыцарлер, оларды жақтаған қала тұрғындары, шіркеу және шаруалардың бір бөлігі еді.

Король билігін шектеу үшін Екінші Генрихтен кейін мемлекет билеген патшалардың саясаты ақылды бола қойған жоқ. Бұл патшалар екіжүзді ішкі және сыртқы саясатын жүргізгенде көп қателер жіберді.

Тікелей сословиелік-өкілдік монархияға алып келген екі оқиға болды: олар-1215 жылғы Ұлы Еркіндік Хартиясының қабылдануы және 1258-1267 жылдағы Симон де Монфор басқарған ірі әлеуметтік қозғалыс.

XIII-ғасырдың басында Британияның королі Жерсіз Иоанн өзінің оралымсыз қаржы саясатымен оппозицияның наразылығын туындатты. 1215 жылы олар бірігіп Ұлы Еркіндік Хартиясын жазды да, корольге қол қойдыртты. Бұл оппозицияға барондар, рыцарлар, шіркеу, ерікті шаруалар және қала тұрғындары енген болатын. Бірақ жазылған Хартияда көбіне феодалдық-олигархиялық нышандар анық көрінді. Сондықтан бұл қозғалысқа қатысқан күштердің арасында қайшылықтар тез пайда болды. Король оны пайдаланып, өзі қолын қойған құжатты жойып жіберді.

Әдебиетте Ұлы Еркіндік Хартиясына әр түрлі баға беріледі. Бұл құжат Англияның ең бірінші Конституциясы болып саналады. Оның маңызы өте жоғары бағаланып, құқықтық мемлекеттің негізін қалады деуге болады. Екінші бір тарихшылар тобы бұл құжат феодалдық реакцияны туғызды, мемлекетті ыдырату үшін тікелей жол ашып берді деген де пікір айтады.

Аталған Хартияда белгіленген ең маңызды мәселе салық төлеу еді. Феодалдар бұрынғы заманнан келе жатқан үш салықты бұрынғыдай төлейміз деп келісті. Бұған жататын үш жағдай: Король тұтқынға түскенде оны ақша төлеп босату олардың бірінші міндетіне жататын, екіншіден, король үлкен қызын тұрмысқа бергенде олар тойын көтеруі керек, үшіншіден, үлкен баласын рыцарь дәрежесіне көтерген тойын өткізуге бәрі бірге үлес қосуға тиісті. Бұдан басқа салықты король өз бетімен енгізе алмайтын болды. Салық саларда король феодалдарды шақырып, олардың келісімін алу керек деген құқықтық норма қабылданды. Ол үшін король алдымен феодалдарды, шіркеу қызметкерлерін және қала тұрғындарын өзі хат жіберіп шақыруға тиісті. Үш сословие қатысатын орган мемлекеттің жалпы Кенесі деп аталады. Бұлар

осы Кеңеске жиналып, жаңа салық енгізуге келісімін беретін болса, оны жинауға корольдің құқығы бар.

Бұдан басқа корольдің қызметін бақылайтын жаңа орган 25 барондардың Комитеті құрылды. Олар корольдің қатесін көрсетіп, оны дұрыстау үшін 40 күн мұрсат береді. Олардың айтқанын король орындамайтын болса, феодалдардың корольге қарсы соғыс ашуға құқығы бар. Бірақ корольдің өзінің, әйелінің және балаларының тәуелсіздігін жоюға болмайтын. Сол Хартия бойынша корольдің сот функциялары да шектелді, енді шерифтер мен бейлифтерді ол жергілікті әдет-ғұрыптарды білетін адамдардың арасынан сайлауға мәжбүр болды. Бірақ бұл Ұлы Хартия жазылып, король қолын қойса да, ол жүзеге асырылған жоқ. Король феодалдардың арасындағы қайшылықтарды пайдаланып, Хартияны жойды. Бұл Хартия тек қана қағаз жүзінде қалды. Бірақ корольге қарсы шығып, алдына бір талаптарын қойған жағдайларда, Англияның халқы осы Хартияны еске салып, оның кейбір баптарын қолданған да болатын. Мысалы, 1628 жылы "Құқық туралы Петицияны" корольге тапсырғанда немесе буржуазиялық революцияның барлық кезеңінде осы Хартияда жазылған халықтың құқығы туралы айтылды.

1258-1267 жылдары король мен барондардың арасында тағы бір шиеленіс бұрқ ете қалды. Генрих екінші мемлекетті басқарып тұрған кезеңде ол Рим папасын жақтап, Италиямен соғысты. Бұл оқиға көп қаражат жұмсауды қажет етті. Король халықтан жинайтын салықты көбейтуге мәжбүр болды, басқа да заңсыздықтарға жол берді. Бұл жағдай король мен барондардың арасындағы қайшылықтарды күшейтуге себеп болды. Король бүкіл қозғалмалы және қозғалмайтын мүлік-дүниенің үштен бірін жинағандықтан, барондар Оксфорд қаласында бас қосып, бүкіл халықтың наразылығын пайдаланып, "Оксфорд провизиясы" деген құқықтық құжатқа корольдің қолын қойғызды. Бұл акт бойынша бүкіл атқару билігі корольдің қолынан барондар құрған кеңеске беріледі. Ол 15 бароннан тұратын. Бұдан басқа, жылына үш рет король Магнаттардың Үлкен кеңесін жинауға тиісті болды. Ол ең маңызды мәселелерді шешетін. Оның келісімі болмаса король бірде-бір шешім шығара алмайды. Барондардың кеңесі жылына үш рет шақырылатын. Сонымен, феодалдар корольді өзіне бағындырып, оздерінің олигархия үстемдігін екінші рет орнатқысы келді. Бірақ оппозициялық күштер бірлігін сақтай алған жоқ. 1259 жылы олар Вестминстер қаласында қайтадан провизия деген акт қабылдады. Бұл акт уақ жер иеленушілерді ірі феодалдардың (сеньорларды) бұзықтығынан шектеді және кепілдік берді. Бірақ рыцарлерді орталық басқаруға жіберген жоқ. Онда Симон де Монфор басқарған барондар рыцарлармен және қалалармен одақ құрып, корольге қарсы шықты. Корольдің оппозициясы екіге бөлінген еді. Король осы жағдайды пайдаланып, Оксфорд провизияларын орындаудан бас тартты. 1263 жылы азамат соғысы басталды да, бір жылдан кейін король баласымен тұтқынға түсті. Бірінші магнат Симон де Монфор мемлекетті басқаруға кірісті, 1264 жылы ол мемлекеттің жоғарғы басшысы болды және рыцарларды мемлекет басқаруға пайдаланды. Бұл азамат соғысының ең

маңызды, онды нәтижесі – парламенттің құрылуы. Бұл Англияның тарихындағы ең бірінші сословиелік - өкілдік мекеме. Оның бірінші мәжілісі 1265 жылы болды. Парламентке барондар, шіркеу қызметкерлері және ірі қалалардағы рыцарлардың өкілдері қатысты.

Азамат соғысы көптеген шаруалардың қозғалысына әкеліп соқты, бұл жағдай оппозицияның одағын әлсіретті. Король осыны пайдаланып, де Монфорды өлтірді. Бірақ король жалғыз өзі билігін ұстай алмайтынын, феодалдармен тіл тауып, келісімге бару қажет екенін анық түсінді. Ол әлеуметтік негізді ұлғайтты, ендігі жерде барлық мәселе феодалдарға, ақшаның бай тұрғындарына тірелетін болды. Осы топтар бірігіп халыққа, шаруаларға қарсы шығып, олардың еңбегін қанап, пайдаланып жатты.

1295 жылы жиналған парламент "Үлгі парламент" деп аталған еді. Оған король ірі шіркеу және мемлекеттік феодалдарды шақырды, 37 округ скіден, және қалалар екіден өкілдер жіберді.

Англия осы кезден бастап сословиелік - өкілдік монархияға көшті деп айтуға болады. XIV ғасырдың екінші жартысына дейін парламентте үш сословие өкілдері де мәжіліске бірге қатысты. Ал одан кейін ірі магнаттар бөлініп, жоғарғы палатаны құрды. Ол лордтардың палатасы, ал төменгі палата қауымдар палатасы деп аталды. Онда рыцарлар мен графтіктердің өкілдері мәжілістерін бірге өткізді. Шіркеудің ақсүйектері, жоғарғы тобы лордтармен бірге мәжіліске қатысатын. Ал төменгі топтағылар қауымдар палатасының мәжілістеріне баратын болды. 1430 жылдан бастап парламенттің төменгі палатасына сайлау үшін графтіктерге жылдық өнімі 40 шиллинг болатын адам ғана қатыса алатын. Парламенттің басты функцияларының бірі салық жинауды бақылау және корольге ұжымдық петиция беру еді, бірақ біршама уақыт өткеннен кейін парламент билігі күшейді де, енді ол заң шығаруға қатысып, корольдің қазынасына ақша жинауды шешетін болды. Мемлекеттің жоғарғы қызметкерлерінің жұмысын бақылап, кейбір жағдайларда сот функцияларын да атқаратын.

Парламенттің күшті билігінің біріне заң бастамасы жатады. Бұл құқық парламенттің петиция жазу құқығынан шықты және оны жалғастырды деп санауға болады. Парламент өзінің заң бастамасын билль деп атайтын болды және оның биллдерін король қарауға тиісті. Король, қауымдар және лордтар палатасынан шыққан заң статут деп аталатын.

XIV ғасырда парламент қаржы мәселелерінің басым бөлігін өзі қарайтын деңгейге жетті. Тікелей төленетін салық пен жанама салықтарды тексеретін болды да, ал XV ғасырдан бастап субсидиялардың жұмсалудың қолына алды.

XIV ғасырда парламент импичмент деген процедураны шығарды, бұл бойынша корольдің жанындағы жоғарғы қызметкерлер билікті теріс пайдаланса, төменгі палата жоғарғы палатаның алдында іс қозғайды, жоғарғы лордтар палатасы - сот палатасы бұл істі қарап шешуге тиісті.

Басқа органдарға Корольдің кеңесі, оған жақын кеңесшілер, канцлер, қазына ұстаушы, сот қызметкерлері, жақын министрлер кіретін, ал Ұлы кеңес өзінің күшін жойды да, оның функциялары парламентке кешті.

Ескіден келе жатқан соттардың қызметі әлсіреп, істердің көбін король құрған жаңа соттар және жылжымалы соттар қарайтын болды.

XIII ғасырдан бастап корольдің екімшілігі құрамына шерифтер мен бэйлифтер кіретін. Ал олардан басқа коронер мен констебль деген жаңа қызметкерлер адам өліміне байланысты тергеу жүргізді және полицейлік функцияларды атқарды. Графтіктердің жиналыстары парламентке өкілдерін сайлады. Оған жылдық табысы 40 шиллингке жететін адамдар ғана қатысатын болды.

Әскер. Екінші Генрих жүргізген реформалар күшін толық сақтады деп айтуға болады. Енді әскерге вилландар сияқты кедей адамдар алынатын болды. Бірақ әскердің негізін жалдамалы отрядтар мен графтіктерде құрылған жасақтар құрды.

Сот. XIII-XIV ғасырларда король соттарының саны көбейіп, билігі тереңлей түсті. Бірақ оларда әкімшілік және сот функцияларының арасындағы айырмашылық анық бөлінген жоқ. Англияның ең жоғарғы соты – корольдің отырғыш соты. Ол қылмыстық істерді қарайтын еді. Онымен қатар азаматтық істерді қарайтын сот, жалпы айтыс-тартыс соты және қазыналық есептер соты. Айтыс-тартыстың бір жағы корольге қатысты істерді осы сот қарайды. Олардың іс қарау қызметгері "жалпы құқықтың" нормаларын құрайтын, рәсімдер формалистік және казуистік түрінде ететін.

Азаматтық қарым-қатынастарының дамуына байланысты лорд-канцлердің соты бөлінді. Бұл істердің бәрін әділеттік талаптарына сәйкес қарайтын болды. Осы сот жаңа процесс пен жаңа нормаларды енгізді.

Жылжымалы соттар – корольдің жеке өкілдерінен Англияның орталық сот өкілдеріне айналды. Олар жылына 3-4 рет графтіктерге келіп ант берген адамдармен сот істерін қарап, жергілікті қызметкерлерді бақылайтын. XIII ғасырдан жерге байланысты істердің бәрін қарау үшін ассиз соттары пайда болды. XIV ғасырдан бастап қылмысты істерді де қарайтын жылжымалы соттар құрылды. Бітістіруші сот. Олар адамды өлтіру сияқты ауыр қылмыстардан басқа істердің бәрін қарайтын еді. Соттың сессиясы жылына терт рет өтетін, бұл жиналыстар ширектік сессия деп аталатын болды.

Үлкен айыптау жюри. Оған 23 адам сайланатын, олардың айыптау актіні 12-сі бекітсе, айыпты адам сотқа тартылады. Кіші жюри 12 адамнан тұратын. Бұл жюридің мүшелері сот ісін қарап вердикт шығаратын. Бірақ барлық он екі адамның бірлігі, бірдей берген дауыстары керек. Ант беруші сот мүшесі болу үшін ценз шығарды, 1293 жылғы заңы бойынша жылдық табысы 40 шиллингке жететін адамның ғана сайлануға құқығы бар еді.

Қысқаша айтқанда, XIII ғасырдың аяғында Англияда сословиелік-өкілдік монархия құрылды. Жаңа құрылған парламентке прелаттар мен барондардан басқа рыцарлар мен қала тұрғындары шақырылатын болды. Оларды жалпы ортақ мүдделер біріктіретін: өздерінің шаруашылық қызметінде олар бір-бірімен сауда өткізетін және жергілікті басқаруға бірге қатысатын, сондықтан балаларын үйлендіріп, неке қиюға да жиі қатысатын. Рыцарлар, қала тұрғындары және еркін шаруалардың алдыңғы қатарлары мемлекеттің оппозициясына, үшінші саяси күшіне айналды. Енді олармен

король де, ірі феодалдар да санасуға мәжбүр болды. 1297 жылдан бастап жылжымайтын заттардың бәріне салықтар тек парламенттің келісімімен салынды. 1322 жылдан король қабылдаған заңдардың бәрін парламент тексеретін болды. XIV-ғасырда парламент заң шығару бастамасына ие еді бұл құқық төменгі палатаның қолында болатын. Лордтар палатасы және король тек қана қауымдар палатасы алған заңдарды бекітті. Қауымдар палатасы әсерінің күшеюі парламенттің абыройын көтеріп, корольдің билігін шектеді.

Англиядағы шексіз монархия

XIV ғасырда Англиядағы феодалдық жүйе сауданың дамуына байланысты ыдырай бастады. Жүннің жақсы сатыла бастауына байланысты, феодалдардың поместьелері тауарлық шаруашылықтарға айналды. Феодалдар өздерінің жерлерін кеңейту үшін қауым қарауындағы жерлерге көз алартты. Жеке бастары бос болса да, шаруалардың көбі жерсіз, өндіріс құрал-жабдықтарынсыз қалды. Енді Англияда ерікті жұмысшылар мен ерікті капитал сияқты капиталистік өндірістің екі белгісі пайда болды.

Жүнге байланысты өнеркәсіптің дамуы, сауда мен өсімқорлықтың өркендеуі капиталдың жиналуына және мануфактураның құрылуына алып келді. Мануфактуралар ауылда, теңіз жағалауындағы порттарда құрылды. Бұларда цехтік құрылыс болмағаннан кейін, капиталистік өнеркәсіп шектелген жоқ.

XV ғасырдың екінші жартысында үстем таптың арасында бірталай өзгерістер болды. Ескі феодалдар бір-бірімен соғысып, өздерінің тобын азайтып алды. Бұл оқиға Ақ және Қызыл розалардың соғысы деп аталды. Бұл соғыстың аты екі партияның Ланкастер және Тюдорлар гербтерінің аттарына байланысты болды. Соғыс Англиядағы ірі феодалдардың отбасыларын құртып жіберді. Бұрыннан келе жатқан ақсүйектерден 25 әулет қана қалды. Бұл соғыста Тюдорлар жеңді де, абсолютизмнің ең күшті дүшпандары жойылды.

Ақсүйектердің жерлерін король сатып, байып қалған еді. Ал бұл жерлерді қаланың буржуазиясы мен бай шаруалар сатып алды. Онымен қатар орта және ұсақ феодалдардың рөлі артып, олардың мүдделері буржуазияға жақындай түскен болатын. Осы әлеуметтік топтар "джентри" деген жаңа топты құрды. Англияның дамуына, буржуазиялық революцияның өтуіне бұлар көп әсерін тигізген еді. Джентри өздерінің шаруаларын капиталистік әдіс-тәсілдерімен жүргізетін.

Джентрилердің көбі ездеріне корольден феодалдық атақ сатып алды. Олардың негізі екіжақты: бір жағынан феодалдар ретінде корольді жақтайды, ал екінші жағынан бүйрегі буржуазияға бұрады.

1348-1350 жылдары Англияда оба ауруының күшті эпидемиясы шығып, көп адам апат болды. Соның салдарынан жұмысшылар жетіспейді, оларға төленетін жалақы көбейді. Бұған парламент қарсы шығып, ол жұмыссыз немесе жерсіз қалған адамдардың бәрі парламент бекіткен

жалақыға орай өздеріне жұмыс тауып істеуге тиіс деп шешті. Сонымен бірге парламент олардың төлейтін салықтарын үш есе көбейтті. 1381 жылы өкімет "жан басына салық" деген жаңа, өте ауыр салық енгізді. Оған қарсы Уот Тайлер басқарған көтеріліс бастады. Олар сондай-ақ шаруалардың тегін жұмыс істейтін салығына және жеке міндеттеріне қарсы көтерілді.

Уот Тайлер басқарған көтеріліске шаруалардың барлығы да қатысты. Олардың ұраны ретінде "Адам жер жыртып, Ева жүн иіргенде, дворяндар кім болды?" деген Джон Боллдың белгілі уағыз сездері алынды.

Болл бүкіл ақсүйектерді, белгілі адамдарды, ант берушілерді, заң шығарушыларды және сот қызметкерлерінің бәрін өлтіру керек деп санады.

Боллдың бағдарламасын басшылыққа алған шаруалар Лондон қаласына кіріп, бүкіл Еуропаға белгілі ең сұлу Ланкастердің сарайын, түрмені, түрме бастығының үйін қиратты. Король Ричард екінші олардың қойған талаптарын қабыл алуға мәжбүр болды. Бірақ олардың дұрыс ұйымшылдығының жоқтығын пайдаланып, алған міндеттерінен бас тартты. Уот Тайлерді корольмен сөйлесіп жатқан кезде өлтіріп, басшысыз қалған шаруалардың бәрін қырғынға ұшыратты. Шаруалардың қолдарына алдау үшін қағаз беріп, король шаруаларға қарсы террор ұйымдастырды.

1450 жылы Джек Кэд басқарған көтеріліс жаңа күшпен тұтанды. Шаруалардың көтерілістеріне байланысты осы оқиғалардан кейін ақсүйектер де, шіркеу де, байлар да, қала тұрғындары да корольдің арқасына тығылып, көмек іздеді.

Негізгі феодалдық топтары шаруалардың да жағдайлары өзгерді. XV ғасырда олар фригольдер мен копигольдер деген екі топқа бөлінді. Копигольдердің құқықтары бұрынғы бағынышты шаруалардың құқықтарының жалғасы. Ол құқықтар жергілікті феодалдық соттардың шешімдерінде белгіленген. Олар лордтарға натуралдық және ақшалай салық төлейтін еді. Лордтар осы жағдайды пайдаланып, бұлардың жерлерін қой бағатын жайылымдарға айналдырғысы келді. Жеке шаруалардың жерлерінен басқа олар қауымның жерлеріне де қой жайғысы келді. Фригольдер-еркін жер иеленушілер. Олар феодалдарға салық төлемейтін еді. Ауылға келген капиталистік қарым-қатынастар байлар, фермерлер, жері аз жалгерлер және жерсіз кедейлер деп шаруаларды бірнеше топқа бөлді. Қала тұрғындарының арасында да топқа жіктелу процесі жалғасты. Қаланың ең жоғары ауқатты белігі де белгілі болды. Ол саудагерлер мен шеберлерден тұратын. Олар өздеріне қаланың және селоның ұсақ қолөнершілерін бағындырып алды. Капиталистік мануфактура енбекшілерді қанауды күшейтіп қалалардағы таптық арақатынастарды шиеленістірді. Қалалар корольдің қызметкерлеріне қарсы шықты. Себебі олар қалалардың құқықтарын шектейтін. Бұл күрес қаланың ішінде патрициат пен қаланың ең жоғары топтарының арасында да жүріп жататын, әсіресе 1312-1316 жылдары Бристоль қаласында патрициат пен цехтардың арасындағы күрес өткір нысанда өткен.

Англиядағы шексіз монархия феодализмнің ыдырауымен және капиталистік қарым-қатынастардың пайда болуымен тікелей байланысты еді.

Бірақ Англияның абсолютизмі аяқталмаған шексіз монархияға жататын. Оның үш негізгі нышаны бар. Абсолютизм кезінде парламентте, бұрынғыдай жергілікті өзін-өзі басқару сақтала берді және қарулы күштер де әскердің саны көбейген жоқ. Әскер көбіне флоттан құралатын, бұл Англияның географиялық жағдайына байланысты еді. Соңдықтан әскер өзі халқына қарсы өте сирек қолданылды. Осындай мемлекетті басқару нысанының құрылуына алып келген көп себептердің біреуі біз бұрын айтқан джентри тобының құрылуы. Оларды "жаңа дворяндар" деп атайтын. Ежелгі ағылшын заңдары бойынша әрбір ерікті жер иеленуші, байлығы 20 фунтқа жақындаған кезде, өзіне рыцардың патентін сатып алуға міндетті болатын. Бұл патент оны дворяндардың қатарына қосатын. Бұл заң қаржы мақсаттарына орайластырылды да, басқа түбегейлі нәтижелерді ескерген жоқ. Қала буржуазиясы саудамен, өнеркәсіппен біріктігі қызметін тастамай, дворяндар тобына көшті. Бұл процестің екінші жағы да бар еді. Рыцарлардың кебі өздерінің жер үлестерін жайылымдарға айналдырып, қой өсіріп, жүн алатын болды. Бұл кәсіп оларды көпестердің мүдделеріне жақын етті. Сондықтан рыцарлар сауда компанияларына кіріп, ең бай қала отбасы қыздарымен некелесіп, араласа бастады.

Осы екі топтан "жаңа дворяндар" пайда болды. Олардың негізгі мүдделері екіге бөлінетін: бір жағынан олар ақсүйектер болған соң, корольді жақтайды. Ал екінші жағынан олардың экономикалық, мүдделері буржуазияға жақын. Жаңа джентрилердің қатарын көбейтетін себептің және бірі – Англияда бұрыннан бар майорат жүйесі. Феодалдардың бүкіл жерлері үлкен баласына мұрагерлік ретінде берілетін, сондықтан оның басқа ұлдары өздеріне басқа қызмет немесе кәсіп іздеуге, мемлекеттік және шіркеу қызметтеріне баруға мәжбүр болды. Тіпті пай төлеп, көпестердің корпорацияларына кіретін болды. Жаңа дворяндар мен буржуазия қосылып, өзінің экономикалық мүддесін қорғауда парламент олардың бостандығына кепілдік береді деп сенді. Сондықтан король парламентті жоя алмады.

Парламент сирек жиналатын және 1539 жылы алынған мәртебе бойынша корольдің жарлықтары парламент қабылдаған заңдарға тең болатын. 1547 жылы парламент бұл заңды жойды. Бірақ парламенттің корольге бағыныштылығы сақталып қала берді. Парламент салықтардың және жинақтардың бәрін өзі бекітетін. Бірақ қарыздарды, монополияларды король өзі белгілейтін және беретін. Англияда топтардың арасындағы күрес парламентке көшті. Англияның парламенті екі палатадан тұратын. Жоғарғы лордтар палатасында прелаттар мен барондар мәжілістерін өткізетін, оларды корольдің өзі шақыратын. Ал екінші қауымдар палатасында әсері күшті қалалардың және рыцарлардың өкілдері жиналатын. Осы екі топтың бірігіп, өздерінің мүдделерін қосылып қорғауы олардың одағын күшейтті және парламенттің саяси өмірдегі рөлін көтерді.

Құпия Кеңеске лорд-канцлер, лорд-қазынашы және лорд-мөр сақтаушы кіретін еді. Бұның мүшелерін корольдің өзі тағайындайтын және олар тек корольдің алдында ғана жауапты болатын. Олар қызмет бабы бірдей комитеттерге бөлінетін.

Әскер. Жетінші Генрих (1485-1509) бұрынғыдан келе жатқан аксүйектердің әскери күшін әлсірету үшін феодалдарға әскер құруға тыйым салды. Сонымен бірге артиллерия қаруын қолдануға тек қана корольдің құқығы бар деген заң шығарды. Феодалдардың әскерлері болғанымен, король өзінің тұрақты әскерін құрған жоқ.

Жоғарғы шіркеу органдары. Бұл органдарды Жоғарғы комиссия құратын, оған епископтер, Құпия кеңестің мүшелері және басқа қызмет адамдары кіретін. Комиссияның қызмет бабы өте ауқымды болды, олар корольдің билігіне қарсы шыққан адамдардың қылмыстарын қарап, шіркеуге келмеген адамдарды жауапқа тартатын.

Жергілікті басқару. Англия графтіктерге бөлінетін, оларды корольдің өзі тағайындаған лорд-лейтенант басқаратын. Ол жергілікті әскерді, бітістіруші сотты және констебльдерді басқарды.

Абсолютизм кезеңінде бітістіруші соттың қызмет бабы кеңейіп, атқару функциясы күшейді. Ант берген адамдар соттың құрамына тұрақты мүше ретінде кірді. Кіші жюримен қатар Үлкен жюри де жұмыс істеді. Кіші және Үлкен жюридің тізімдерін шерифтер жасайтын. Оған тек қана ерікті жеке меншіктен 4 фунт стерлинг төлейтін табысы бар адамдар енгізді. Бұл заңды Бірінші Елизавета шығарды. Абсолютизм кезінде төтенше сот құрылып, ол "Жұлдыз палатасы" деп аталды. Бұл сот жалпы сот процестерінің нормаларын қолданған жоқ және сынауды жиі пайдаланатын. Корольге қарсы шыққан графтіктерде бұл сот өзінің сот кеңестерін құрды. Жұлдыз Палатасы Құпия Кеңестің бір бөлімі болып саналды. Сот қызметінен басқа ол цензурамен айналысып, ант берген соттардың шығарған вердикттерін бақылады. Шіркеуге қарсы қылмыс жасаған адамдардың істерін "Жоғарғы комиссия" деген сот қарайтын еді.

Жоғарғы ағылшын соттары екіге бөлінді. Ежелгі король отырғышының соты және жалпы айтыс-тартыс соттарынан басқа әділеттік соттары пайда болды. Бұлардың құрылуы буржуазиялық қарым-қатынастардың дамуына байланысты еді. Олардың қызмет бабын азаматтық талаптар құрайтын. Әділетті соттарына адмиралтействолардың да соттары жататын. Әділеттік соттардың тәжірибесі ағылшын құқығының дамуына айтарлықтай әсерін тигізді.

ГЕРМАНИЯДАҒЫ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Феодалдық Германия мемлекетінің тарихын үш кезеңге бөлуге болады:

- 1.Ерте-феодалдық монархияның пайда болуы(X-XIII ғ.ғ.)
- 2.Сословиелік-өкілетті монархия (XIV-XVII ғ.ғ).
- 3.Князьдік абсолютизм (XVII-XIX ғ.ғ.)

843 жылы Карл Мартеллдің немерелері ауқымды империялық үкіметті бөлісе алмай, оның орнына империяның өзін бөлуді ойлады. Верден келісімі бойынша Ұлы Карл империясы үш бөлікке, болашақта Франция, Германия және Италия болатын мемлекеттерге бөлінді. Орта кезендердегі Германияның тарихи дамуы әр түрлі жағдайлармен байланысты болды.

Қоғамдық құрылыс. XI ғасырға дейін Германияның негізгі тобын шаруалар құрайтын, ал XI ғасырларда қалалар пайда болғаннан кейін, қоғамдық құрылыс өзгерді.

Үстемдік ететін топ өзінің құқығы мен байлығы жағынан бірдей болмайтын. Ақсүйектер екіге бөлінетін: мемлекеттік және шіркеу қызметкерлері. Рулық ақсүйектердің саны франк мемлекетінде аз болатын, енді олардың қатарларына герцогтер және графтар кіретін болды. Шіркеу қызметкерлері епископтардан, монастырлердің басшыларынан және аббаттар басшыларынан тұратын. Шіркеу қызметкерлерінің арасында жоғарғы орынды Трир, Кельн, Вормс қалаларының архиепископтері алатын. Олар князь деп аталады. Бұрыннан келе жатқан қалқан ұстаушылардың иерархиясының үш дәрежесі болатын: король, князьдар, ерікті мырзалар. X-XI ғғ. оның жаңа бөлімдері пайда болды: бұрынғы ақсүйектердің ұрпақтары, төменгі феодалдардың байыған немесе жоғарылағандары, феодалдың қызметінде жүрген министериалдар, төменгі феодалдар рыцарлар. Министериалдар - ірі феодалдарда шаруашылық, сот және қаржы функцияларын атқаратын адамдар. Біраздан кейін олар бенефиций және лен алатын болды. Министериалдардың жоғарғы топтары феодалдармен қосыла бастады. XI ғасырда феодалдар өздеріне қорған, сарай салып, шаруалардан бөлек тұратын болды. Ақсүйектер орта ғасыр сарайын өздерінің атымен атай бастады. Феодалдардың көбінде жерлері өте кеп, өздері бай болғандықтан, олар өз тәуелдігін сақтауға тырысты.

Шаруалар. Бір ауылда ерікті және тәуелді шаруалар қатар тұратын. Ерікті шаруаларға аллод ұстаушылар жататын, олардан кейін жеке бостандығы бар прекарий ұстаушылар, олар жер иелеріне салық төледі, ал тәуелді шаруаларға "манципилер" және "сервтер" жатады. Олардың бір жартысы жермен байланысты жұмыстарды істейді, ал екінші жартысы үй қызметіне жұмсалады.

XI ғасырда қалалар құрылғаннан кейін қолөнершілер феодалдардың жерлерінен көшіп кететін болды. Қала тұрғындары ерікті болатын.

Қала тұрғындары бюргерлер деп аталады. Қалалар екіге бөлінеді: бұрынғы франк мемлекетінен қалған қалалар, олардың құқықтары шектелген болатын және жаңа Германияның қалалары XI ғасырда Германияда 200-300 базар ашылған болатын. Құқық жағдайына қарай Германияның қалалары екіге бөлінді: имперлық қалалар, олар императордың фиск жерлерінде орналасқан болатын және ерікті қалалар, олар сеньориалдық қалаларға жататын, өздерінің құқықтарын өздері қорғай алатын болған.

X-XIII ғасырларда Германияда феодалдық даму аяқталды. Ол басқа каролингтер монархиясының бөліктерімен салыстырғанда, жайбарақат жағдайда дамыды. Бұл жерде көп уақыт бойы күшті селолық қауым қолтаңбасы сақталды. Құрылыстың өзгерісіне байланысты жерге жеке меншік пайда болғанда, шаруалар өзінің өлшемді жерлерін еркін биледі. Германиядағы ірі жер иеленудің құрылуы уақытша ғана мәселе болды. XII ғасырдың екінші жартысында Германияда қоғам феодалдар және шаруалар ретінде екі негізге бөлінді. Феодалдар – ақсүйектер және рухани князьдар,

императордың тікелей вассалдары, рыцарлар – майда феодалдар. Феодалдар жеріне ие еді, және олар сюзерен әскерінде қызмет етуге міндетті болды. Шаруаларда еркін әрі өздерінің жерлері болды. Чинш төлеушілер жерді өздері ұстайтын және сол жерге салық төлейтін. Басы-байлы шаруалар және холоптар феодалдардың қорасында қызмет етті. Қалалықтар өздерінің жеке бостандықтарына ие болды.

Империяның князьдары жиналыстарында корольдерді сайлайды және басқа да маңызды сұрақтарды шешеді. Ерекше жерлердің жиналыстары ландтаг деп аталды. Ірі феодалдар жерлерінде сот билігін өздері атқарғысы келді. Германияның корольдері ірі феодалдармен келісім-одақ іздеп қиналған мезгілдері де аз болған жоқ. Сондықтан бұлармен келісім таппаған кезде олар шіркеуден көмек күтті.

XIII ғасырға дейін Батыс Еуропада Герман мемлекеті қуатты мемлекеттердің қатарында саналды. Оның құрамына Швабия, Бавария, Франкия, Саксония, Лотарингия кірді. Ол мемлекет тентондық болып аталса да, құрамында өзара байланыс болмады, қосылу жағы императордың ішкі саясатымен белгіленді, ал ол көрші аумақтарды жаулап алудан басталды. 833-876 жылдары Германияны Неміс Людовигі басқарды, бұл мемлекет Шығыс франк империясы деп аталды. Монархияның географиялық атаулары немістердің франк мемлекетінен толық бөлінбегенін дәлелдейді. Шығыс франк мемлекеті батыс Франк мемлекетімен салыстырғанда халқы аз, феодалдық қарым қатынастарының дамуы әлсіз, бірақ этникалық құрамы ортақ болатын.

Германияда феодализмнің дамуы кеш өтті және аяқталған жоқ. Корольдің билігінің дамуы басқа батыс мемлекеттермен салыстырғанда "кері" болғандай: **IX-XI** ғасырдағы бірлігінен **XII-XIII** ғасырдағы қайта орталықтануға көшті.

962 жылы Бірінші Оттон Рим қаласында император тәжін киді де, осы жылы Германияның империясының туған жылы болып есептеліп, оның құрамына Солтүстік және Орталық Италия кірді.

X ғасырдың бірінші жартысында герман королі Бірінші Оттон Италияның орталығын және солтүстігін басып алғаннан кейін, өзін Рим императоры деп мәлімдеді. Бірінші Оттон Рим папасының итальян феодалдарына қарсы күресте көрсеткен көмегі үшін 962 жылы Римде императорға сайланып, папаның қолынан императорлық тәжді алды. Мұнан кейін Германияның аты бірнеше рет өзгерді: 1034 жылы "Рим империясы". 1254 жылы "Қасиетті Рим империясы", ал XV-ғасырда "Қасиетті рим империясының герман ұлты" деп аталды. "Герман ұлты" деген сөз империя Италия жеріне үстемдік етпейтінін көрсетеді деген пікір бар. Империя атағы Ұлы Карлдың империясына сәйкес екенін байқатты, ол батыс Рим императорларының билігін және Ұлы Карлдың билігін жалғастырғандай көрінді. Германияның халықаралық жағдайына және жалпы мемлекет қалыптасуына империяның атағы көп әсер етті.

Князьдың билігі нығайған сайын Германияда саяси және экономикалық бытыраңқылық күшейді. Қалалар арасында князьдар билігінің одағы болған

жоқ. Орта ғасырдың білімді монархы Фридрих Екінші Штафеннің Герман тағына отыруына 1212 жылы папа Иннокентий Үшінші көмектесті. Осы кезеңде неміс князьдарының құқықтары күшті болды. Олардың империя билігіне бағынуы туралы сөз болған жоқ, Екінші Фридрих алдына ондай бағыт қоймады, ол формалды түрде өзін жоғарымын деп санады, Италиядағы өз билігін сақтау үшін ол бөтен князьдармен одақ іздемей, князьдардың барлық сословиелік бағытта топталуын қалады. Ол нақты фактілерден жаңадан артықшылықтар тапты, 1220 жылы епископтар ақша шығаруға, салық жинауға, қала және базар ашуға мүмкіндік алды. 1230 жылы князьдар қала салуға, ақша жасайтын қора тұрғызуға, заң шығаруға, барлық іс бойынша юрисдикция құқықтары мен мүмкіндіктерді алды, ал қалалар өзін-өзі басқару құқығынан және жалпы қалалар арасында одақ құрудан айырылды. Германияның саяси бытыраңқылығы 1871 жылға дейін сақталды. Германияны бұндай жағдайға алып келген себептер мынандай: империя бөліктерінің арасында экономикалық байланыс болған жоқ, католик шіркеуі өте күшті болатын және мемлекетке бағынбайтын, ал қалалар бірте-бірте кішкентай республикаларға айналды. Мемлекет беліктерінің арасында соғыс жиі болып тұратын. Ерте-феодалдық Германияның дамуына оның қоғамдық бөлінуі де әсер еткен болатын. Феодалдану процесі Франция мен Италиямен салыстырғанда өте баяу жүрді де, дамыған феодализмге Германия бәрінен кеш кешті. Германия жерлері дамуының бір-бірінен айырмашылығы көп болатын, орта және төмен дәрежедегі феодалдардың саясаты түсініксіз болғаннан кейін, олар бір кезеңде императорды жақтаса да, келесі бір кезеңде жергілікті ірі феодалдарға сенім көрсететін. Ал жергілікті князьдардың күшеюі оларды тайпалардың басшыларынан жергілікті күшті князьдарға айналдырды.

Мемлекеттік құрылысы

Корольдің (император) билігі формальды түрде кең көлемде еді. Германияда ол соғыс ашуға және бейбітшілік жариялауға ерікті болатын. Сонымен бірге әскерді және сот билігін атқарды. X ғасырдың екінші жартысында вотчиналық-арай басқару жүйесі құрылды. Германияның королі билікті мұрагерлік ретінде алатын болса да, сайлануға тиісті болды. Корольді герцогтердің арасынан сайлайтын, сайлауға ақсүйектер және жоғарғы рухани қызметкерлер қатысатын еді. Король билігін күшейту үшін өзінің жағына жоғарғы шіркеу қызметкерлері мен герцогтерді тартуға тиіс болатын. Сайланғаннан кейін король мемлекетті аралап шығатын, сол кезде ол жергілікті феодалдармен қарым-қатынас жасайтын және корольдің жерлерінен салық алып, сот қызметін жүзеге асыратын. Корольдердің тұрақты резиденциясы, астанасы, күшті орталық аппараты ол кезде болған жоқ, король нөкерімен сарайларының бірінде немесе епископтердің резиденциясында тұрды. Корольдің өмірі кешпелі, аттың үстінде өтетін, ал король билігінің экономикалық негізін өзінің жерлері мен фисктерден алған табыс немесе өнім құрайтын. Бұрынғы корольдың қызметкерлері тұрғылықты жерде мирастық жер иеленушіге, графтарға айналды. Олар өз

иеліктерін басқаратын аппарат құрды. Ол орталықтағы басқарма органы корольдің кезінде жергілікті жердегі басқарманың ісіне қатысуға, араласуға құқықты еді. Германияның орталық аппараты Каролингтер дәуірінің нышандарын сақтады. Сарайдың жоғарғы қызметкерлері маңызды функцияларды атқарды. XI ғасырдан бастап ірі феодалдар Корольдің Гофтаг деген кеңесіне қатынасты. Император сол Кеңеспен бірге ең маңызды шешімдерді шығарды. Император Италия кампанияларына қатысқан кезде, сарайдағы жоғарғы қызметкерлер Германияны өздері басқарды. Италияны басқаратын ерекше аппарат құрылды, ол канцлерге бағынды. Одан басқа императордың өкілдері және пфальцграфтар болатын, олар императордың мүлігін басқарды. Қалаларды префект басқаратын.

Шіркеу. Король билігін күшейту үшін шіркеуден көмек іздеді, сол үшін ол бұрыннан бай шіркеу мекемелеріне жаңа құқықтарды және жеңілдікті сыйлап, жерлерді, шаруаларды косып берді. Архиепископтер, епископтер, монастырлар мен аббаттар қатты байып кетті. Король шіркеу қызметкерлермен одақ құрып, басқа ірі феодалдарға қарсы шықты. Шіркеу феодалдары өте бай болса да, әскери жорықтарға қатынасқан жағдайлар болса да, олар шіркеу қызмет орындарын мұрагерлікпен бере алмайтын еді. Шіркеудегі жоғарғы қызмет орындары канондық сайлаумен өтетін, бірақ жоғарғы шіркеу қызметкерлері мемлекеттік инвеститураны берген жерлерді басқаруды корольдің қолынан алатын және оған ант беретін. Сондықтан, император немесе король епископтерді өзі канондық сайлаусыз тағайындайтын де жағдай болды.

Әскер. Әскери қарулы күштер рыцарлардан құрылды. Императордың вассалдары әскери қызметті алты апта бойы атқаруға міндетті болды. Олар әскерге қанша адам беретінін императордың өзі белгіледі, мысалы, Италияға қарсы ұйымдастырылған жорыққа вассалдардың бәрі шығуға тиісті болатын. Әскердің жоғарғы басшысы императордың өзі, ал контингенттерді князьдар басқарды, оларға графтар мен жүздік бастықтары көмектесті. Мемлекетке жаулар шабуыл жасаған жағдайда әскерге шаруалар да алынатын болды.

Сот. Императордың соттық билігі шектеулі еді, жоғарғы сот жүргізу құқығы ақсүйектер мен рухани князьдардың қолында болатын. Германияда бірте-бірте сословиелік соттар дамыды. Шаруалардың соттық билігін феодалдар іске асырды. Германияның соттары мәңгілікке сайланатын және шиеленіскен болды. Сословиелік соттар пайда болғасын, олар тек қана өздеріне тең адамдарды соттайтын болды, князьдардың, графтардың, шеффендердің, қалалардың, шіркеудің жеке соттары пайда болды. Қоғамдық құрылыс. Феодалдардың иерархиясы өте күрделі болды. Ол менің вассалымның вассалы менің вассалым емес деген принциппен құрылды. Феодалдық-иерархиялық қарым-қатынастардың негізгі принциптері: король, князьдар, графтар, барондар, рыцарлар. Енді феодалдардың бәрі рыцарлар деп аталатын болды, бұл атақ оларды шаруалардың қатарларынан бөлді. Шіркеу феодалдары немесе рухани феодалдар сарай феодалдарымен одақтасып бір сословие құрды. Қала тұрғындары мен шаруаларға қарсы шыққанда олар феодалдармен бірге болатын. Бірақ шіркеу қызметкерлерінің

жеке меншік қарым-қатынастары және құқықтық жағдайы мен жеңілдіктері басқаша белгіленетін еді.

Германиядағы сословиелік-өкілетті монархияның ерекшеліктері.
1356 жылы Төртінші Карл Алтын Буланы (Мөр)-немістердің негізгі көпшілік билік заңын жариялады. Осы заң бойынша корольді курфюстар сайлайтын болды. Сайлаушы топ ірі шіркеу князьдарынан, архиепископтардан, ақсүйектерден, маркграфтардан, пфальцграфтардан тұратын. Мәжілісті Майндағы Франкфуртта тұратын архиепископ шақыратын. Ал ақсүйектер ортасында Чех королі басшылық жасады. Курфюстер корольді сайлайтын феодалдар, олардың қалай пайда болғаны анық емес. Курфюстердің біреулері – бұрынғы Каролингтер империясының қызметкерлерінің ұрпақтары, екіншілері – бұрынғы маркграфтар, ал үшіншілері – король сарайының жоғарылаған қызметкерлері еді. Орталық өкіметтің ең маңызды орындары сол курфюстердің мұрагерлікпен берілетін лендеріне айналды. Көбіне графтар герцогтерге көшкенде салтанатты түрінде атағын алып, өздерінің сарайына ие болады, заң шығарады және ақша басады. Осындай жағдайда Алтын Булла Германияда ірі феодалдардың үстемдігін бекітті, курфюстер өз шешімдерін жүзеге асырды. Курфюстердің алқасы жылына бір рет бір ай мәжілісін өткізетін еді. Ол алқа мемлекеттің ең маңызды мәселелерді шешуге тиісті болатын, соның ішінде императорды соттау немесе орнынан алу құқықтары да болды. Алтын Булла курфюстердің саяси тәуелсіздігін бекітті және олардың билігі императордың билігіне тең екенін дәлелдеді. Курфюстердің жерлері бөлінбейді, мұрагерлікпен балаларына беріледі, олар өздерінің ақшасын басады, салық жинайды, араларындағы таластарды соғысып шешеді. Курфюстердің бері тек сыртынан императорға бағынышты болып саналды, олардың тек қана басқа мемлекетгермен соғыс бастауға және бейбітшілік шарт құруға құқығы болмайтын. Алтын мөр курфюстердің тәуелсіздігін бекітті, енді олар шешілмеген таластарды соғыс әдісімен де шешуге құқықты болды. Курфюстер әрбір сайланған императорға билігін шектейтін жағдайларды шешім ретінде беретін етті. Ол шешімдер "сайлау капитуляциялары" деп аталды. Бұл тәжірибе XVIII ғасырға дейін сақталды. Алтын мөр алынғаннан кейін Германияның бір орталыққа бағынған мемлекеті жойылды. Императордың билігі номиналдық билікке айналды. Ол бұрынғыдай мемлекеттің басшысы, неміс феодалдарының функцияларын үйлестіреді. Императорды сайлаған кезде қарсылықсыз тізе бұгу туралы шарттарын қабылдады. XVII ғасырда қалған сословие осындай қарсылықсыз тізе бұгу туралы шарттарға қол қойды. 1648 жылы осылар Вестфал Бейбітшілік бабында бекітілді. Осы баптың құжатында мындай мәселелер қамтылды: император мемлекеттің сақталуын қамтамасыз етеді. Князьдар өздерінің жерінде толық еріктілігін сақтайды, өз араларындағы қайшылықтарды олар соғыс әдісімен де шешуге құқықты. Мемлекеттің ең маңызды мәселелерін де осы курфюстар алқасы шешеді. Рейхстаг-империялық сейм. XVII ғасырдан бастап ұдайы жұмыс істеп келеді. Ол үш алқадан тұратын: курфюстар, князьдар графтар, еркін кожайындар, қалалық өкілдер алқасы. Олардың

әрқайсысының мәжілістері бөлек өтеді және олар ерекше жағдайда бірге жиналды. Мемлекеттік мәселелерді шешу үшін XVII ғасырда олар империялық сословиелік шендерді иеленді. Рейхстагтың мәжілісіне қалалардың өкілеттерін шақырса да, олармен санасқан жоқ. Рейхстагқа тек қана имперлық қалалардың өкілдері кірді. Король мен император ақша сұрағанда, қалалар оны беруге міндетті болатын.

1495 жылы империялық соттың негізі қаланды. Оның мүшелерін былай тағайындайтын еді: 14 адамды князьдар мен курфюрстер, 2 адамды қалалар, ал төрағасын – император сайлайтын. Шешуші рөл Рим құқығына берілді. Римдік құқық бірінші кезекте, ал мейірбан неміс құқығы екінші кезекте тұрды.

Полиция. Дінсіздерді, маскүнемдерді басқа да түрлі қанағатсыздарды қудалады.

Ландтаг. Бүкіл мемлекет көлемінде түрлі шендер пайда болды. Олар өздеріне қатысты артықшылықты пайдаланды. Ірі дінбасылары, рыцарлар, қалалықтар кірген тұйық корпорациялар өмір сүрді. Олардың жиналысы ландтаг деп аталатын. Ландтагтар да үш курияға бөлінді және олардың функциясына тек ақыл-кеңес беру жататын.

Германияда жалпы өкімет, қаржы жүйесі, өлшем жүйесі болған жоқ. Басқа мемлекеттерде бұл нәрселердің болуына король кепілдігін беретін. Германияда король билігі әлсіз екенін біз айттық. Алтын Мөр бекіткен бытыраңқылық күшті болды деп, қоғамға ықпал ететін сословиелік-өкілдік органдарының қызметін шектеді. Сонымен, Германияның сословиелік-өкілдік монархиясы мемлекеттің кейбір жерлерінде ғана қалыптасты. Жалпы герман мемлекетін бір орталыққа қосып, біріктіретін сословиелік-өкілдік органдар болған жоқ. Германияның шексіз монархиясы де князьдік абсолютизм түрінде құрылған болатын. XVI ғасырда Германияның жерлері өздерінің толық тәуелсіздігін алды.

Қалалар. Қалалар үш топқа бөлінді: империялық, князьдік, еркін. Империялық қалалар императордың вассалы болды да, кейін бостандығын алды. Олар императорға ант беріп, жыл сайын салық төледі, әскер жеткізіп тұрды және ол қалаға келген кезде салтанатты той жасады. Бұл қалалардың қатарына Любек, Бремен, Гамбург, Нюрнберг, Франкфурт т. б. жататын. Феодалдық ерікті қалаларының бүкіл Батыс Еуропада өздерінің белгілері болатын. Қалаға жақындаған адам қоңырауы бар биік мұнара көрсе, қаланың шекарасында дар ағашымен масқаралайтын бағана тұрса – бұл қаланың өзін өзі басқаруы бар, қала тұрғындарының жиналыстары өтеді және қылмыскерлерді өзі соттайды. Германияның империялық қалалары өздерінің әскерін жинайтын және жеке заңдарын шығаратын.

Еркін қалалар салықтан және әскер жеткізіп беруден босатылды. Жергілікті және князьдық басқаруы бар қалалар өзінің қалалық кеңестерін құрды. Бірақ олардың құқығы заң жүзінде шектеулі болды, ал князьдар жыл сайын олардан феодалдық салық алып отырды. Германияның қалалары бірігіп одақ құрған жоқ. Қала тұрғындардың сословиелері аймақтарда ғана болды.

Германиядағы абсолютизмнің ерекшеліктері. XV ғасырдың аяғынан XVIII ғасырдың басына дейін Германияда феодалдық нысан қатынасы үстемдік етті. Бірақ осы кезде өндірісте капиталистік қатынас пайда болып, кең қанат жая бастады. Тоқыма, темір өңдеу саласына өсімқорлық, сауда капиталы ене бастады. Көпес-кәсіпкерлер ұсақ қолөнершілерді ақшамен жабдықтап, шикізатпен қамтамасыз етті, сөйтіп дайын өнімнен өнім алып отырды. Осындай жағдайда шашыраңқы мануфактураның іргетасы қаланды. Тау-кен өнеркәсібінің дамуы жөнінен Германия Еуропада алдыңғы орындардың біріне иеленді. Оның бейбіт сауда жолындағы жағдайында жаман болған жоқ. Дегенмен, капиталистік қатынастардың дамуын феодалдық жүйе шектеп, тоқтатып тұрды. Сонда да болса Германияның экономикалық дамуы тек Нидерланды мен Англиядан ғана төмен болды. Тоқыма, темір өнеркәсібіне сауда капиталы кірді. Өнеркәсіпті қалалар аграрлық феодалдық ортамен тығыз байланыс жасады. "Ұлы Рим империясының Герман ұлты" деген шулы атаудың астарында саяси феодалдық князьдардың пиғылдары жасырынып жатты. Қала императорларының билігі Габсбург мұрагерлерінде болды.

Император князьдардың үстінен жерге қатысты бақылау жасау, сипатында билік жүргізді. Империяда ақшалай, әскери және басқарма органдары болған жоқ. Ірі феодалдық князьдар орталық монархияға айнала бастады. Князьдар тұрғындардан алым жинады, өзінің әскери және басқару аппаратын ұстады. Елдің шаруашылығы мен саяси бытыраңқылығы, экономикадағы артта қалушылық және дамыған нысандағы феодалдық қатынас күшейген сайын, қоғамдық қатынас қиындай түсті. Католиктерге қарсы қозғалыс, шаруалардың 1525 жылғы соғысы, қаладағы жарлылардың күресі, отызжылдық соғыс католиктік шіркеудің реформасы жолындағы қозғалыс XVI ғасырда (1618-1648 ж.) жалпы Еуропалық сипат алды, ері қалың бұқараның тұрғындарынан қолдау тапты. Папаның басшылығындағы католиктік шіркеу бұрынғы саяси және мәдени өмірдегі қозғаушылық сипатын жоғалтты.

Батыс Еуропада орталықтандырылған ұлттық мемлекеттің құрылуы шіркеудің ұлттық саяси рөлін әлсіретті. Ақсүйектер білімдарлығының кеңінен таралуы мен ғылым-білімнің дамуы нәтижесінде, шіркеу білім беру монополиясынан айырылды және қоғамда рухани билігін жоғалтты. Католиктік шіркеу қоғамдық қатынастың дамуына кедергі болды. Папа бастаған топтардың ауыр салық салып, жұртты үрейде ұстайтыны айрықша наразылық тудырды. Феодалдар шіркеудің байлығына қызғанышпен қарады. Оны дін ықпалынан арылту жолымен қалай да иемденгісі келді. Халықтың біраз белігі реформация туралы қоғамдағы өзінің ойларын білдірді. Реформацияға қатысты бұқаралық қозғалысқа 1517 жылғы Мартин Лютердің шіркеуге қарсы сөз сөйлеуі себеп болды. Ол шындықтан туған тезисті ұсынды. Бұл папалық католиктік азшылыққа қатты соққы болып тиді. Католиктік шіркеу адам күнәсінен құдайдың мейірбандығы мен және әулиелердің көмегі арқасында құтылады деп түсіндірді. Осы үшін ол барлық құдайшылық істі, әдет-ғұрыпты орындауы және шіркеулік құпияға үйренуі

керек. Осының бірі шіркеудегі сөз сөйлеуді сатып алу болды. Лютер күнәдан ақша арқылы арылуды қорлау деп білді және ішкі католиктік шіркеудің дін дәстүрлерін мойындаған жоқ. Дін қызметшілерінің орнын лютерандық шіркеудің пасторлары алды. Құдайдың сөзі Лютердің ойы бойынша әулие жазуының соңы болды, бірақ ол шіркеулердегі әкелердің шығармасындағыдай емес еді. Католиктік барлық дін құлаған жоқ. Лютер құлшылықты құдай жолымен жеңді, бірақ құлшылық ой бойынша өз орнында болды. Ол адамдарды ішкі діни тәуелділіктен босатты, керісінше, діншілдікті адамның сыртқы әлемінде қалдырып, ол өзіне тән бостандық әперді, адамдардың жүрегіне қайтадан шынжыр бұғау салды. Лютердің талабы оның 95 баяндамасында анық көрсетілді. Лютер ілімінің реформацияланып жіктелуінен кейін Томас Мюнцер 1520 жылға дейін Лютердің шәкірті болды, бірақ кейіннен келісімге келмейтін дұшпанға айналды. Мюнцер плебейлік шаруалық реформация лагерін басқарды. Ол реформацияны қоғамдағы кең саяси қозғалыс деп түсінді. Оны төңкеріс жасайтындар қоғамдағы бақытсыздыққа ұшыраған қоғамдағы адамдар деді. Олар шаруалар және қаладағы кедейлер. Тек осылар ғана қанаусыз және қудалаусыз қоғамдық құрылыс орнатады. Осы кезде таптық ерекшелік, жеке меншік иесі, көпшілікке қарсы тұратын мемлекет болмайды. Құдай сөзін Лютер "Адамның санасы құдай деп" түсінді. Оның тұжырамдауынша, құдайға қызмет ету адамның жалпыға қызмет етуі. Ал құдайсыз өзгешелік қоғамға қарсы қозғалыс, өзге зиян келтіреді деді.

Ол құдайды қолдаушы еңбекші халық деп санады, ал қысым жасаушылар мен қанаушылар олардың жаулары. Қоғамдық қозғалыстың шарықтау кезеңі Германиядағы реформация дәуірі 1524-1525 жылғы шаруалар соғысының кезінде болды. Олар оңтүстік-батыс Германияда басталып, осы жерде феодалдық қуғын-сүргін ерекше көзге түсті. Көптеген елді мекендердің халқы өздерінің қожаларына қарсы көтеріліске шықты. Олар әділетсіз жаңа салықты өзгерту туралы талап қойды. Көтеріліс жоғарғы Швабияны, Оңтүстік Францияны, Орталық Германияны қамтыды. Шаруалар көтерілісі жеңіске жете алған жоқ. Себебі олардың қалалықтармен және буржуазия өкілдерімен одағы болмады.

Оларға провинциялық бытыраңқышық кедергі жасады, шаруалардың және олардың жетекшілерінің ой-өрісі шектеулі еді. Шаруалар жеңілісі неміс шаруалары мен қала тұрғындарын ауыр жағдайға әкеліп соқтырды. Князьдар шаруаларды және қала тұрғындарын мүлде бағындырып, шіркеу жерлері мемлекеттік меншікке өткеннен кейін одан әрі байи түсті. Шаруалар бүліншілігі басылғаннан кейін таптар қатынасында және олардың жағдайында өзгеріс пайда болды. Шаруалардың басым бөлігі жеке меншік иелігінен айырылды. Оларға салық салу көбейді, жеңгендер жеңілгендер үстінен қадағалап отырды. Дворяндардың бір бөлігі амалсыздан князьдарға қызмет етуге мәжбүр болды. Қалалық қанаушылар тобының билігі бекітілді. Өткен оқиғалар нәтижесінде тек ірі князьдар ғана жеңіске жетті. Отыз жылдық соғыстан кейін князьдік абсолютизм одан сайын күшейді. 1648

жылы Вестфалдық бейбітшілік шарт бойынша князьдар өзара одақ құру құқығына ие болды және өзге елдермен келісімге рұқсат етілді.

Германияның абсолютизм кезеңінің мемлекеттік құрылысы. Германдық абсолютизм тек жалпы мемлекеттік қана емес облыстық, князьдік сияқты да дамыды. Францияда мен Англияда абсолюттік монархияның саяси экономикалық жағдайы, провинцияның бірігуіне, ұлттың ірге кетуіне мүмкіндік туғызды, ал германдық абсолютизм болса бұндай проблемаларды шешкен жоқ. Керісінше, Германиядағы князьдық абсолютизм реакцияшыл рөл ойнады, олар экономикалық және саяси бытыраңқылық жағдайын бекітті. XVII-XVIII ғасырларда қоғамдық құрылыс өзгеріссіз қалды. Империялық билік құрметті атаққа айналды. Князьдар әскери міндеттен босатылды және империяға ешқандай салық төлемейтін болды. Вестфал бейбітшілігінен кейін Рейхстаг ешқандай мағынаға ие болған жоқ. Империяның құлдырауы нәтижесінде империялық сот өте әлсіз болды. Венада құрылған аулалық сот оны ысырып, князьдар енді империялық сотпен сотталмайтын болды. Империядан олар өз жерінде тәуелді болды. Діншілдер князьдарға толығынан тәуелді болды. Ландтагтар тек көзбояушылық үшін ғана шақырылды, Герман княздықтарының арасында Австрия, Пруссия ерекше күшейді.

Қорытынды

Батыс Еуропада орталықтандырылған ұлттық мемлекеттің құрылуы шіркеудің ұлттық саяси рөлін әлсіретті. Ақсүйектер білімдарлығының кеңінен таралуы мен ғылым-білімнің дамуы нәтижесінде, шіркеу білім беру монополиясынан айырылды және қоғамда рухани билігін жоғалтты. Католиктік шіркеу қоғамдық қатынастың дамуына кедергі болды. Папа бастаған топтардың ауыр салық салып, жұртты үрейде ұстайтыны айрықша наразылық тудырды. Феодалдар шіркеудің байлығына қызғанышпен қарады. Оны дін ықпалынан арылту жолымен қалай да иемденгісі келді. Халықтың біраз белігі реформация туралы қоғамдағы өзінің ойларын білдірді. Реформацияға қатысты бұқаралық қозғалысқа 1517 жылғы Мартин Лютердің шіркеуге қарсы сөз сөйлеуі себеп болды. Ол шындықтан туған тезисті ұсынды. Бұл папалық католиктік азшылыққа қатты соққы болып тиді. Католиктік шіркеу адам күнәсінен құдайдың мейірбандығы мен және әулиелердің көмегі арқасында құтылады деп түсіндірді. Осы үшін ол барлық құдайшылық істі, әдет-ғұрыпты орындауы және шіркеулік құпияға үйренуі керек. Осының бірі шіркеудегі сөз сөйлеуді сатып алу болды. Лютер күнәдан ақша арқылы арылуды қорлау деп білді және ішкі католиктік шіркеудің дін дәстүрлерін мойындаған жоқ. Дін қызметшілерінің орнын лютерандық шіркеудің пасторлары алды. Құдайдың сөзі Лютердің ойы бойынша әулие жазуының соңы болды, бірақ ол шіркеулердегі әкелердің шығармасындағыдай емес еді. Католиктік барлық дін құлаған жоқ. Лютер құлшылықты құдай жолымен жеңді, бірақ құлшылық ой бойынша өз орнында болды. Ол адамдарды ішкі діни тәуелділіктен босатты, керісінше, діншілдікті адамның сыртқы әлемінде қалдырып, ол өзіне тән бостандық әперді, адамдардың жүрегіне қайтадан шынжыр бұғау салды. Лютердің талабы оның 95 баяндамасында анық көрсетілді. Лютер ілімінің реформацияланып жіктелуінен кейін Томас Мюнцер 1520 жылға дейін Лютердің шәкірті болды, бірақ кейіннен келісімге келмейтін дұшпанға айналды. Мюнцер плебейлік шаруалық реформация лагерін басқарды. Ол реформацияны қоғамдағы кең саяси қозғалыс деп түсінді. Оны төңкеріс жасайтындар қоғамдағы бақытсыздыққа ұшыраған қоғамдағы адамдар деді. Олар шаруалар және қаладағы кедейлер. Тек осылар ғана қанаусыз және қудалаусыз қоғамдық құрылыс орнатады. Осы кезде таптық ерекшелік, жеке меншік иесі, көпшілікке қарсы тұратын мемлекет болмайды. Құдай сөзін Лютер "Адамның санасы құдай деп" түсінді. Оның тұжырамдауынша, құдайға қызмет ету адамның жалпыға қызмет етуі. Ал құдайсыз өзгешелік қоғамға қарсы қозғалыс, өзге зиян келтіреді деді.